- Тілдің мүкістігі дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелері: тілдің, еріннің, төменгі жақ сүйектерінің нашар қимылдауларынан, тістің құрылысынан да болуы мүмкін. Тілдің қалыпты деңгейден нашар қимылдауы себебінен өте қысқа тіл асты желбезегі оның жоғары көтерілуіне мүмкіндік бермейді. Тілдің өте үлкендігінен, жөнді бұрыла алмауынан да, сөйлеу тілі бұзылады. Сонымен қатар тістердің арасының алшақтығынан және ретсіздігінен сөйлегенде тілдің ұшы сыртқа шығып кетіп, сөздің анықтығы бұзылады. Стоматолог-дәрігерлер арнайы құрал қою арқылы тістерді және жақ сүйектерін реттейді. Сүйегі әлі қатаймаған 5-6 жасар балаға қойылған шинаның ықпалы өте күшті болады. Еріннің қалыңдығы, астыңғы еріннің салпиып тұруы ерін және ерінтісті дыбыстарының анық айтылуына кедергі келтіреді.
- Психикалық, физикалық жарақаттану. Отбасындағы қолайсыз жағдайлар да баланың сөйлеуіне кері әсерін тигізбей қоймайды.

Сөйлеудің бұзылу түрлері:

*Дислалия* – дыбысты дауыстап айтудың бұзылуы. Дислалиялық дыбыстық бұзылулар артикулярлық аппарат құрылымының ақауларымен, сондай – ақ сөздік тәрбиенің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.





дамыту, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөліп, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу (сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылыды. Демек, қазақ тілі пәнін оқыту барысында мұғалім оқушының ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақтың әдеби тілінің мөлшері лайықты, дұрыс айта білуге үйретумен бірге, екінші жағынан ойын орфографиялық және пунктуациялық жағынан дұрыс жаза білуге жаттықтырылады. Оқушының жазбаша және ауызша ойын дұрыс бере, айта білуіне үлгі беретін – мұғалім. Сондықтан мұғалім тілдің тарихын, грамматикасын, стилистикасын, орфографиясын, лексикасын, пунктуациясын жақсы біліп, меңгеруі қажет. Әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіліп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Демек, оқушылардың тілін дамыту жұмысы – ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз. Өйткені, оқушы қай пәнде оқып – үйренсе де, ол өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан қазақ тілі сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады. Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында тіл дамыту жұмыстарына арнайы орын беріледі. Бағдарламада балалардың жас ерекшелігіне байланысты тәрбиелік мәні бар жаттығу материалдары әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай балалардың жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың ой-өрісін жетілдіру мақсаты көзделінген. Сондай-ақ бағдарламада тіл дамыту жұмысын ауызша-жазбаша жаттығулары, шығарма, диктант сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыру міндеттелінген.

Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушының ауызша және жазбаша ойын граматикалық және статистикалық жағынан дұрыс бере білуге үйрету. Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: бірі – мәдени, әдеби сөйлеу білудің мөлшеріне үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту. Демек, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құрап үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан мәлімет беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі. Міне, тіл дамыту жұмысының негізгі мазмұны осындай төрт мәселе айналасында қарастырылып іске асырылды. Дидактикалық қағидалар әр пәнді оқыту

методикасының, соның ішінде қазақ тілін оқыту методикасының теориялық негізі болып саналады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысы да мынадай дидактикалық негізделе жүргізіледі. Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі қағидасы арқылы оқушы тіл мен ойлау бір – бірімен байланыста екендігін ұғады. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді. Бұл қағида арқылы оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, түрлі ой қорытындыларын жасай білу дағдылары қалыптастырылады. Мұғалім бұл қағидаларды негізге ала отырып, қазақ тілінің бағдарламалық материалдарын мұқият қарастырып, әр тақырыпты оқытумен байланысты түрлі тапсырмалар беріп, оны оқушы қалай орындады, одан қандай қорытынды шығарды, ол тапсырманы, жаттығуды орындауда неге сүйенді, қандай ойлау әрекеттерін жасады деген мәселерге көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, қағиданы іске асыруда екінші басты мәселе – оқушылардың орфографиялық ережелерді саналы меңгеруін қалыптастырып, дұрыс сөйлей білуге, сауатты, қатесіз жазуға дағды беру. Сөз тіркесі, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы ойын байланыстырып айта білумен бірге, жаза білуге дағды береді. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін, дұрыс біліп, сөйлемді қарастыра алады. Мұғалім сөз тіркесі және сөйлемді дұрыс құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе, синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретеді. Сөз тіркесі, сөйлемді құрату жұмысы да барлық грамматикалық тақырыптарды оқытумен орай іске асырылды. Мысалы, «Синтаксис және пунктуация», «Сөйлем мүшелері», «Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері» тақырыптын оқытумен байланысты қарастырған жөн. Мұғалім жаттығу жұмыстарын грамматика–стилистикалық бағытта ұйымдастырылды. Дайын мәтін ала отырып, оған грамматика – стилистикалық талдау жасауына болады. Оқушылардың назарын сөйлем құрылысына аударып, қалай жасалғанаын, қандай стильдік қателер барын немесе қандай ерекшелікпен (сөзді қолданудағы) көрінетіндігін байқатады.

Оқушылырға мынадай жұмыстар орындату тиімді: сөз тіркестері арқылы сөйлем құрату, жай сөйлемді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтау, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, белгілі таныс тақырыптар бойынша бір-бірінің жұмысын реакциялату тағы басқа – осындай жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы оқушы дұрыс сөйлем құрастыруға бейімделеді. Оқушы сөз тіркесі мен сөйлемнің түрі және мазмұны арасындағы байланысты меңгеруге тиісті. Яғни, сөз тіркесі сөйлемге қажетті құрылыс материалы ретінде қаралса, сөйлем синтаксистің негізгі бірлігі ретінде қаралатындығын ұқтыру қажет. Мысалы, сөз тіркесінде «қоңыр» деген сын есімнің мағынасындағы өзгерісті, оның тура және ауыспалы мағынада тұрғандығын талдау жасау арқылы түсіндіріп отыру пайдалы: қоңыр күз, қоңыр мата, қоңыр бояу, қоңыр дауыс. Оқушыға «қоңыр бояу, қоңыр мата» деген сөздің тура мағынада айтылып тұрғандығын, ал «қоңыр дауыс, қоңыр күз» деген сөз тіркестерінің ауыспалы мағынада қолданылып тұрғандығын салыстыру арқылы





**Болаткулова М.А.**
*Қарасай ауданы Қаскелен қаласы, Қ. Сатбаев атындағы орта мектебінің дефектолог маманы*

## СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Логопедия – бұл сөйлеудің бұзылуы және оны арнаулы оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде анықтау, түзету және алдын алу әдістері туралы ғылым.

Логопедия неврология, невропсихология, нейролингвистика, психология, педагогика және т.б. ғылымдар негізінде жұмыс атқарады. Бұл ғылыми пәндер логопедияға сөйлеудің бұзылуының механизмдері мен құрылымдарын ғылыми түрде негіздеуге, сөйлеуді дамыту, түзету мен қайта қалпына келтірудің ғылыми әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Логопедиялық жұмыстың мақсаты мен мазмұны баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін анықтап, сонымен қатар сақталған функцияларын орнына келтіру, дамыту мүмкіншіліктеріне негізделеді.

Сөйлеу патологиясын зерттеу және түзету жұмыстары XIX ғасырдың орта шенінен бастап жүргізіле бастады. Мұның өзі сол кездерде сөйлеу қызметін қамтамасыз ететін негізгі анатомиялық, физиологиялық механизмдер жүйесінің зерттелуімен және айқындалуымен түсіндіріледі. Логопедияның ғылым ретінде қалыптасуы Ф.А. Рау, М.Е. Хватцев, О.П. Правдина, Р.Е. Левинаяның есімдерімен тығыз байланысты.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер – есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің – дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу – есту және сөйлеу – қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

- Биологиялық себептерге көбінесе баланың жатырда жатқан кезіндегі, толғақ кезіндегі (гипоксия, жарақаттар) және туылғаннан кейінгі алғашқы айлардағы (ми инфекциялары. жаракаттар, т.б.) патогендік факторлар жатады.
- Әлеуметтік – психологиялық қауіпті факторлар бірінші кезекте психикалық депривациямен байланысты. Депривация дегеніміз – ұзақ уақыт аралығында және жеткілікті түрде субъектінің негізгі «өмірлік және психикалық қажеттіліктерінің қанағаттндырылуына кедергі келтіретін өмірлік ахуалдар нәтижесінде пайда болатын психикалық көңіл күй.

социально-бытовой ориентировки, сектор общения и эмоционального развития, сектор развития мобильности, ориентировки в пространстве.

Обязательным условием полноценного развития детей в группе является наличие сектора сенсорного развития, который включает игры и оборудование на развитие крупной и мелкой моторики.

В секторе сенсорного развития подбор дидактического материала осуществляется с учетом категории детей, включенных в инклюзивное пространство. Более расширенно представлены материалы на развитие тактильно-двигательного восприятия, на развитие особых свойств предметов.

В секторе ознакомления с окружающим и социально-бытовой ориентировки акцент в работе педагога ставится на формирование навыков самообслуживания, пополнение социального опыта детей с проблемами в развитии на основе их взаимодействия со сверстниками.

Сектор предметно-практической деятельности включает игры и оборудование для организации сюжетно-ролевых игр.. Дети с проблемами в развитии закрепляют игровые действия, полученные на обучающих занятиях с дефектологом, учатся удерживать взятые на себя роли. А для детей с условной нормой расширяется диапазон ведущих ролей, что ни всегда реализуется в обычной группе детского сада.

Сектор общения и эмоционального развития особенно важен для детей с проблемами в развитии. У них наблюдается быстрая утомляемость и необходимы условия для снятия напряжения и релаксации. Дети с условной нормой могут успешно привлекаться к различным совместным групповым действиям и здесь успешно решаются задачи по коррекции психоэмоционального развития.

Вывод: таким образом, предметно – развивающая среда является эффективным средством для развития дошкольников в инклюзивной среде.

Литература:

1. Рыжова Н.А. Развивающая среда дошкольных учреждений (Из опыта работы). М., ЛИНКА-ПРЕСС, 2003. –192 с.

2. Государственный общеобязательный стандарта образования Республики Казахстан организациями образования, обучающими детей с ограниченными возможностями от 12 мая 2009 года.

3. Новоселова, С.Л. Развивающая предметно-игровая среда детства: мир «Квадро» / С.Л. Новоселова // Дошкольное воспитание. –1998. –№4. –С.79

4. Краткий психологический словарь / под общ. ред. А. В. Петровского, М. Г. Ярошевского. – Ростов н/Д. : Феникс, 1999. – 512 с.





түсінік беріледі. Оқушы тілдің осындай нәзік құбылыстарын байқау арқылы ана тілінің қыр-сырын біле түсуге құмартады. Мұғалім алдымен сөз тіркесі және сөйлемнің өзара құрылымдық айырмашылығының неде екендігіне оқушы көзін жеткізу қажет. Демек, сөз тіркесі категориясының лексикамен, морфологиямен тығыз байланысты екендігін, сондай-ақ сөз тіркесі лексика мен морфологияны синтаксиспен тығыз байланыстыратын синтаксистік категория екендігіне баса назар аударылады. Мұның лексикамен тығыз байланыстылығы құрамына енген сөздердің толық лексикалық мағынаға ие болуы және бір-бірімен байланыста айтылатындай тіркесімдік қабілеті болуы шарт екендігінен көрінсе, морфологиямен байланыстылығы, сөз бен сөз белгілері бір қосымша арқылы, яғни сөз тұлғасы арқылы байланысатынынан, екінші жағынан, белгілі бір сөз табынан негізінен сөз тіркесі жасалатындығынан байқалады. Ал байланысқа түскен сөздердің грамматикалық қарым-қатынасы, лексико-грамматикалық деп те, синтаксистік қарым-қатынас деп те аталады. Тіл дамыту жұмысының бұл қағиданың тәрбиелік маңызы да бар. Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір – бірімен байланыстылық қағидасы да басты орын алады. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естиді, тыңдайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді.

**Серікбай Айгерім,**
*«әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1-курс магистранты,*
*Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы,*
*Философия және саясаттану факультеті,*
*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*
**Ғылыми жетекші: Әрінова Бақыт Айтуқызы, п. Ғ.к., доцент м.а.**

## «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІН» ОҚЫТУДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ

Білім және Ғылым министрлігінің «Өзін-өзі тану» пәнін 2010 жылдан бастап мектепке дейінгі мекемелердің, білім беру мектептерінің, колледж және педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізу туралы шешім қабылданған болатын. Осы уақыт аралығында бұл пәнді оқыту арқылы білім беру саласы бала тәрбиелеу ісінде түрлі жетістіктерге жетті десек артық

айтқандық емес. Өзінің тәрбие беру әдістері мен білім беру құралдарын қалыптастырып үлгерген бұл пәннің білім мазмұны жасөспірімдерді рухани қасиеттерге, Отан сүйгіштікке, азаматтыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге негіз болатын жалпы азаматтық құндылықтар жүйесінен тұрады. Жасөспірімдердің адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі көзі болып табылады. Әсіресе, мектеп жасындағы балалардың өзін -өзі қоғамдық ортаға бейімдей алуына, өзіне деген жауапкершілік пен сенімділіктің жоғары болуына үлкен септігін тигізеді. Бұл турасында Л.Т. Ибрагимова:

- «жоғарыдан қысымның орнына – өз ойын білдіру мен өзіндік тұлғасын өсіру;
- мәтіндер мен мұғалімдер арқылы үйренудің орнына – өзіндік тәжірибеге сүйену арқылы үйрену;
- жеке дағдылар мен іскерлікті жаттықтырудың орнына – олардың неғұрлым биік және оқушылар үшін өмірлік маңызы бар мақсаттардың дамуы нәтижесінде қол жеткізуі;
- мектептің болашақ өмірге дайындық ретіндегі мақсаттарының орнына – тұлғаның дамуы үшін бүгінгі мектеп өмірінің барлық мүмкіндіктерін барынша пайдалану» [1,37] деп пәннің берер жетістіктерін жеке дара бөліп көрсетеді.

Пәнді оқыту барысында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жоғары болуы тиіс. Себебі, қойылатын талап та, шарт та жоғары. Атап айтар болсақ, А.Б.Абдраимова оқытудың төмендегідей шарттарын көрсетеді:

- Сүйіспеншілік, сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін-өзі зерделеуге, өзін-өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасау;
- Рухани-адамгершілік білімін мектептің тұтастай педагогикалық үдерісіне ықпалдастыру;
- Рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану қажеттілігі[2,7].

Басты назарды әдістерді қолдану қажеттілігіне аударуды ұсынар едім. Ақпараттық технологиялар мен құрал-жабдықтардың дамыған заманында рухани-адамгершілік, этномәдени құндылықтарды бала бойына дарытуда көптеген әдіс-тәсілдер бар. Соның ішінде халқымыздың ертеден атадан балаға мирас боп келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды жаңғырта отырып, оқыту барысында тиімді қолдана білсек жетер жетістігіміз де аз болмас еді. Өзінің туған елі мен жерінің барлық қасиеті мен құдыретін бойына сіңіріп өскен тұлға – ертең елі үшін жанын беріп аянбай еңбек ететін азамат болары сөзсіз.

Ежелгі халықтың тұрмыс-тіршілігінде халық ауыз әдебиетінің атқарар рөлі жоғары болған. Көреген болған қазақтың әрбір сөзі мірдің оғындай көздеген жеріне дәл тиген. Сондай-ақ көсем сөз арқылы тәрбие беру ісі де ауыз әдебиетінен алшақ болған емес. Солардың бірегейі мақал-мәтелдер болып табылады. «Мақал – логикалық, образдық ойдың қос қанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Сөздің ұйытқысын ең алдымен мақалдан іздей керек. Онда этикалық, философиялық, ұжымдық





но-развивающей среде должно учитываться формирование психологических новообразований в разные годы жизни.

*При моделировании инклюзивной образовательной среды, во-первых, важно обратить внимание на особенности детей с проблемами в развитии:*

– структуру первичного дефекта;

– степень его выраженности;

–характер и особенности психофизического развития (сенсомоторного, зрительного, осязательного, слухового, двигательно-моторного, зрительно-пространственного); *во-вторых,* необходимо учитывать требования, которые были разработаны и представлены в концепции развивающей среды, однако, особую значимость на наш взгляд приобретают *следующие условия:*

- *Среда должна быть полифункциональной.* Для детей с ограниченными возможностями развития создаются условия, которые стимулируют детей к различным действиям. Пособия, дидактические материалы размещаются таким образом, что дети с условной нормой самостоятельно могут определять содержание деятельности, намечать план действий и активно решать разнообразные задачи.
- *Среда должна быть комфортной и стабильной.* Создавая инклюзивную среду дошкольной группы, очень важно, чтобы окружающая детей обстановка была комфортной и эстетичной. Для детей с ограниченными возможностями развития особую значимость приобретает стабильность компонентов среды, это обеспечивает им ощущение надежности и защищенности. У всех детей комфортная и стабильная среда вызывает чувство радости, обогащает новыми впечатлениями и знаниями.
- *В инклюзивной среде должны учитываться особенности психического развития каждого ребенка.* В процессе проектирования инклюзивного пространства важно учитывать уровень психофизического развития каждого ребенка, интересы детей. Среда должна удовлетворять потребности актуального, ближайшего развития ребенка и его саморазвития.
- *Среда должна обеспечивать развитие коммуникативных навыков.* Развитие коммуникативных возможностей имеет особую значимость для особого ребенка. Например, игра создает условия для его неформального общения со сверстниками и взрослым, предоставляет ему полную свободу действий.
- *Среда является рациональной и доступной.* Присутствие каждого компонента среды должно быть обосновано и соответствовать поставленным целям. Обеспечение доступности ко всему содержанию развивающей предметной среды для особого ребенка – расположение материалов, книг, атрибутов на уровне не выше вытянутой руки ребенка [3;79].

В зависимости от контингента детей, включенного в инклюзивное пространство, развивающая предметная среда будет иметь свою специфику и обеспечит условия для полноценного развития всех видов детской деятельности. В групповой комнате выделяются следующие сектора: сенсорного развития, сектор развития предметно-практической деятельности, сектор ознакомления с окружающим и

таких детей в условиях образовательных учреждений. Иными словами необходима безбарьерная образовательная среда, которая бы позволила детям с ограниченными возможностями здоровья реализовать в полной мере свои образовательные потребности. Большую роль в обучении и развитии играет предметно – развивающая среда. [1;79]

Предметно развивающая среда – система материальных объектов и средств деятельности ребенка, функционально моделирующая содержание развития его духовного и физического облика в соответствии с требованиями основной общеобразовательной программы дошкольного учреждения.

В связи с этим возникает необходимость создания инклюзивного образовательного пространства для детей с ограниченными возможностями здоровья.

Инклюзивное образование (фр. inclusif-включающий в себя, лат. include-заключаю, включаю)- процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в плане приспособления к различным нуждам всех детей, что обеспечивает доступ к образованию для детей с особыми потребностями. [4]

Инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для удовлетворения различных потребностей в обучении. Если преподавание и обучение станут более эффективными в результате изменений, которые внедряет инклюзивное образование, тогда выиграют все дети (не только дети с особыми потребностями).[2]

Предметная среда оказывает на ребенка определенное воздействие уже с первых минут его жизни. Важно, чтобы она стала развивающей, т.е. обеспечивала формирование активной самостоятельности ребенка в деятельности. Она создает для ребенка условия творческого, познавательного, эстетического развития. При правильной организации предметно-развивающей среды ребенок чувствует уверенность в себе, стимулирует проявления самостоятельности, творчества.

При создании развивающей предметной среды в инклюзивной группе с одной стороны необходимо сохранение общепедагогических требований, а с другой важно учитывать особенности детей с проблемами в развитии: структуру первичного дефекта, степень его выраженности, характер и особенности психофизического развития (сенсомоторного, зрительного, осязательного, слухового, двигательно-моторного, зрительно-пространственного).

При организации предметно – развивающей среды в дошкольном учреждении важнейшим условием является учет возрастных особенностей и потребностей детей, которые имеют свои отличительные признаки. Для детей третьего года жизни является свободное и большое пространство, где они могут быть в активном движении – лазании, катании. На четвертом году жизни ребенку необходим развернутый центр сюжетно-ролевых игр с яркими особенностями атрибутов, дети стремятся быть похожими на взрослых, быть такими же важными и большими. В среднем дошкольном возрасте проявляется потребность в игре со сверстниками, создавать свой мир игры. Кроме того в предмет-





мазмұн бар. Мақалдың қорытындыларын халық еш уақытта теріске шығара алмайды» дейді ғалым Ә.Қоңыратбаев.

Мақал- мәтелдерді тәрбие ісінде қолданудың мынадай тиімді тұстары бар:

- Көлемі жағынан шағын;
- Мазмұн тұрғысынан қабылдауға жеңіл;
- Қолдану аясында тақырып ауқымы кең;
- Тәжірибеге негізделген дәлелді ойлар басым;

«Көшпелі тұрмыс салтында мақал-мәтелдер мектеп пен мұғалімнің, кітап пен баспасөздің қызметін алмастырды. Ол айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы, халықтың өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана емес, ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарды, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, күлкіге айналдырды. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа әрі тұжырымды болды. Бұлардың бала тәрбиесіндегі орны да айрықша еді. Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың моральдық-психологиялық, медициналық-гигиеналық, өнер-сайыскерлік ой пікірлерін де шоғырландырып бүкіл халықтың тәлімдік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырды» [3,13]. Ұлттық мүддеміз бен рухани құндылықтарымызды дәріптей отырып, саналы ұрпаққа мақал-мәтелдер арқылы бағзы тұрмыс-тіршіліктен хабар берді. Отанымыз бен Жер-Анамыздың қастерлі, ата-ананың қасиетті, туған жер мен елдің киелі, достың қадірлі, тілдің құдыретті, білімнің кен екендігін жеткізе білді.

«Бала ұғымына лайықты пайдалы кеңестерде айналадағы дүние мен адамның өзара қарым-қатынасын әр қырынан қамтыған сан алуан ақпараттар аз болмайтын. Мұнда оқу мен еңбек, ойын мен өнер, сондай-ақ адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау және т.б. үлгі-өнегелері бала санасына біртіндеп құйыла беретін. Сондықтан да мақал-мәтелдер қай халықтың болмасын ішкі психологиялық түсінігі болды, оларда қазіргі жалпы педагогикалық жас ерекшелік, медицина, музыка, спорт, қоғамдық психология деректерімен астарлас накты іс-тәжірибеге негізделген қызықты идеялар топтасқаны хақ. Қазақ мақалдары адамның ішкі жан дүниесіне терең бойлап, кісінің қарым-қатынасын аша түсуде өнеге мектебі дерлік» [3, 13].

Ұлттық құндылықтар жалпы адамзаттық (отбасы, еңбек, білім, денсаулық, белсенділік, махаббат, адамгершілік) және елдік (Отан, тіл, азаттық, этникалық мәдениет) мұрат болып бөлінеді. Жоғарыда аталған және басқа да құдылықтарды бала тәрбиесінде қалыптастыруда да мақал-мәтелдердің маңызы зор. Өйткені, жасөспірімдерді өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі болып отыр. Қазақ халқы тонның ішкі бауындай бауырмал, өзге ұлтты жанына тарта білген кеңпейіл халық болған. 6-сыныпқа берілген «Бауырмалдық және кеңпейілдік» тақырыбында осы ой турасында сөз өрбітіп, қазақтың дархан көңілінен хабар беріп, оқушыны осы тақырып аясындағы мақалдар арқылы бірлікке, татулыққа, ынымақтастыққа,

жомарттыққа, көпшілдікке шақыруға болады. Халықтың қанына сіңген осындай мәдени қарым-қатынас пен адамгершілікті дәріптейтін мінез-құлқымен оқушыны дұрыс бағытта тәрбиелей аламыз. Мысалы, «Кең болсаң, кем болмайсың», «Кекшіл болма, көпшіл бол», «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер», «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас», «Кемедегінің жаны бір», «Туысы бірдің – уысы бір» сияқты мақал-мәтелдерді топтық жұмыстарда немесе оқушыларға өз ойларын мақалдар арқылы өрбітуде, талдау, түсіндіру жұмыстарында қолдану тиімділігінің жоғары екендігін байқаймыз.

«Отан – отбасынан басталады», «Отансыз адам, ормансыз бұлбұл», «Отанын сатқан опасыз» сынды жүрекке ұлттық рухты ұялатар мақалдарды балаға күнде айтып отырудың өзі артық етпейді. Мұны естіп, санаға сіңіріп өскен жасөспірім ең бірінші құндылығымыз болып табылатын Отанымызды аманат еткен ата-баба тілегін аяқ асты етпесі анық.

«Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада», «Ананың алдында асқар тау да аласа», «Ана – өмірдің қайнар бастауы», «Ана көрген тон пішер» сияқты мақалдар кез келген адам баласына әсер етпей қоймас. Бой жеткен қыз бен ер жеткен ұлға ана алдындағы парыз бен міндетті жете ұғындырып тұр. Қоғамға, өмір сүріп отырған ортаға деген мейірімділік пен жылулық анаға деген шексіз де шетсіз махаббаттан туады. Ананың ақ сүтімен берген тәрбиесі өмір бойға азық екендігін түсініп өскен жеткіншек ана тілге, Жер-Анаға өз анасындай қарайды. Мақалдың берер тәлімі де осында жатыр. Мақалдың мақсаты кез келген мәдениетіміз бен байлығымызды өз анасындай құрметтеуге үндеу, насихаттау.

Мақал-мәтелдерді өмірдің кез келген саласында, әрбір кездескен жағдаятта қолдана аламыз. Тіпті, кейде тығырықтан осы мақалдың құдыреті арқылы шығып жатамыз. Адамды да бір де жұбатып, енді бірде мақалмен түйреп аламыз. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» ойымызды қорыта отырып, сөзімізді сарапқа саламыз. Құдды мақал айтып тұрған көзқарасымыздың дәлелі іспеттес. Сондықтан осы бір ағылып тұрған, санаса шегіне жетпес бай ауыз әдебиетіміздің тамаша үлгісімен неге патриотты ұрпақты тәрбиелемеске?! Әрбір сабағымызды мақалмен бастап, айтар ойды қорытып сәтті қолдана білсек оқушыға тәрбиемен бірге сөз мәдениетін де қатар жетілдіре алатын едік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ибрагимова Л.Т. «Өзін-өзі тану пәнін оқыту барысында жасөспірімдердің адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастыру жолдары». Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. №3, 2015

2. Абдраимова А.Б. «Өзін-өзі тану пәні мұғалімнің кәсіби құзырлығын қалыптастырудағы жаңа тәсілдер». Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. №1, 2015

3. «Мақал-мәтелдер халық психологиясының айнасы». Педагогика және оқушы психологиясы. №4, 2011





мейірімділік, басқаны түсіну, біреулердің қайғысы мен қуанышына ортақтасу, өзгелердің мінез құлқы мен пікіріне төзімділік таныту жетелей түседі. Рухани адамгершілік, тәрбиесін ойындар жүргізу, әңгіме өткізу, түрлі әңгімелер құрастыру, көрген фильмдерін талдау арқылы іске асыруға болады.

Ата-аналарға ойын жаттығулардың және әр түрлі байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға арналған тапсырмалардың жазбаларын үйде баласымен сауат ашу, математика, тіл дамыту сабақтарын қайталау үшін ұсынамыз. «Сөзді кішірейтіп айт», «Кәне сөз іздейік», моншақтан жасалған әріптерден сөздер құрастыру. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткілікіз, сондықтан әрбір жеке тұлға бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батылдық, отансүйгіштік қасиеттері болуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуы, оның шығармашылықпен дамуы тәрбиеден бастау алады және бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет етеді. Тәрбие жемісі өзгермелі қоғамға бейім, өз қабілеттерін толық көрсете алатын, өзі үшін де, өзгелер үшін де құнды жеке тұлға болмақ. Мектепті бітірген әрбір тұлғаның мақсаты айқын, міндеті нақты, өзінің қажетін қанағаттандыруды көздейтін білім іздеуге қабілетті болуға тиіс.

Әдебиеттер:

1. Ә.Табылдиев. «Ұлттық тәлім- тәрбие кең өріс». Мектептегі психология журналы № 5 (11), 2007 жыл.

2. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика.- Алматы, 1997.

3. Педагогика: учебное пособие дя студентов пед.институтов / Ред. Бабанский Ю.К. 2-е изд. Доп., перераб.-М.: Просвещение, 1988.-с.29.

**Студентка 4 курса, специальности ДОВ Брухачевская Т.Н.**
*Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан*
**К.п.н. ст. преподаватель кафедры ДНиСО Ли Е.Д.**
*Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан*

# ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ПРЕДМЕТНО – РАЗВИВАЮЩЕЙ СРЕДЫ В ИНКЛЮЗИВНОЙ ГРУППЕ ДЕТСКОГО САДА

В современном мире увеличивается численность детей с ограниченными возможностями здоровья, которые испытывают трудности в усвоении образовательной программы. Для них требуется создание специальных условий обучения и воспитания, и возникает необходимость комплексного сопровождения

Оқушылардың бойында рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін мектептің тәрбие саласында жүйелі де кешенді жұмыстар жүргізуі қажет. Ол үшін ең алдымен мектептің педагогикалық жүйесін тұтас педагогикалық үрдіс ретінде қарастыру мектепте рухани адамгершілік тәрбие беру жолдары бойынша ата аналармен жұмыс жасау, оқу проессінде интерактивті әдіс тәсілдерді пайдалану, мектеп кітапханасының мүмкіндігін жетілдіру, оқушылармен әр түрлі тақырыпта жарыс, дебат, оқырмандар конференциясын өткізу, рухани адамгершілік тақырыптағы әдеби шығармалар мен ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау, сол сияқты қазіргі таңдағы ең көп пайдаланатын компьютермен жұмыс жасауды қолға алу деп ойлаймыз. Сонда ғана мектеп оқушыларын адамгершілігі мол, рухани адамгерішілігі жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Күнделікті өзгеріп жатқан осынау кездегі тәлім тәрбие әр балаға жеке адам ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, сезімі, еркі, өзіндік әрекет жасай білетін бағыт бағдары бар қабілетті тұлға екенін ескере отырып, мынадай міндеттерді жүзеге асыру керек деп ойлаймыз:

- жастардың білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру; олардың ақыл ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын арттыру, өмірлік мақсат мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу;
- Ата бабамыздан келе жатқан ұлттық мұраны қадірлеп, санасына сіңіру, сол арқылы ұлттық менталитет қалыптастыру;
- Бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу үшін дарынды жастарды анықтау, олардың қабілетін дамытуға жан жақты жағдай жасау;
- Жаһандану үрдісін бағалай білетін, жер тағдыры мен ел тағдырының, табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін азаматты тәрбиелеу;
- Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан жақты эстетикалық тәрбие беру, әдемілікке, сұлулыққа, тазалыққа үйрету.

Рухани адамгершілік тәрбиесі адамның ізгі қасиеттерінің жиынтығын құрайды және адамның адамшылық іс әрекетіне қайшы келмейтін, өз елінің мақсатын көздей отырып, ел арасында толеранттылық сыйласымыдылықты сақтау барысында жеке тұлға бойында рухани адамгершілік мәдениетті қалыптастыруға зор ықпал етеді, адам қоғамның дұрыс бағытта дамуы мен жеке тұлғаның толық жетілуіне байланысты іс әрекеттердің, қасиеттердің бәрі рухани адамгершіліктің мазмұнын анықтайды, ал ол құндылықтар дүниесінің құрамын толықтырады. Рухани адамгершілік тәрбиедегі педагогикалық бір шарты, оқу тәрбие жұмыстарының өмірімен тығыз байланыста жүргізілуі. Балалардың өзін өзі ұстауы, сөйлеу мәнері барлығы рухани адамгершілікке тәрбиелеу шарты болып қалыптасады. Бала бойындағы қасиеттер ажырамас бөлігі, инабаттылық негізі қалыптасып, өмірге көзқарасы өзгереді. Рухани адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақтан тұтса, ұстаздың, ата ананың да болашағы зор болмақ. Жеке тұлғаны адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге адамдармен достық





**Мусапирова Бакыткан Мауленбаевна**
*Ж.Жапаров атындағы орта мектеп*
*мектепке дейінгі шағын орталықтың директоры,*
*биология пәнінің мұғалімі*
*Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Кызылжар ауылы*

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім. Даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары қаралып, мұғалімдердің іс – тәжірибесі зерттеліп, оқыту мен оқу үрдісіне енгізілуде.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында сапалы біліммен қамтамасыз етіп,білім көрсеткішінің халықаралық рейтнгімен жақсаруымен білім беру жүйесін арттыру үшін педагог кадрлардың мәртебесін арттыру,кәсіби білімдерін дамытуды қолға алу,олардың кәсіби мәртебесінің өсуіне, мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселесіне аса мән берілген. Олай болса, сапалы білім беру мұғалімдердің деңгейіне байланысты.Мұғалімдер білім сапасын арттыру барысында мемлекеттік стандартта берілген нәтижеге жетуде шеберлігі мен біліктілігі нәтижесінде мәселенің шешімін таба алатын ақпараттық-коммуникативтік жоғары тұлғаның-дамытушылық функцияны атқарады.

Еліміз тәуелсіздігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған кезеңде біздің қоғам жан-жақты жетілген адамды қажет етеді.Сондықтан да білім берудегі ұлттық жүйе өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр.

Бүгінгі таңдағы біздің мақсатымыз-ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлғаны тәрбиелеу. Мектепте білім беру еліміздің интеллектуалдық әлеуетінің негізі болып табылады. Сондықтан оның сапасын арттыру бүкіл қоғамның бірінші кезектегі міндеті болып табылады.Бүгінгі таңда Қазақстан әлем таныған беделді елге айналды. Ел экономикасы қарқынды даму үстінде. Өмір сапасы еселеп жақсарды.Өзінің ғасырларға бергісіз өрлеуі барысында республикамыз жаңа бағытын айқындауда. Елбасы **«білім-ғылым-инновация»** үштігі билеген әлемге қарай қарқынды бет алу міндеттерін белгілей келіп: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруда табысқа жетуінің түйінді факторы, ұлттық білім жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылады»,-деп атап көрсетті. Н.Ә.Назарбаев «Білім беру жүйесі жалпыұлттық күйінде қалуға тиіс»,-деп мәлімдей отырып, мектеп жас ұрпақты жаңа индустриялық-инновациялық

экономика жағдайындағы өмірге сапалы білім мен саналы тәрбие беру арқылы қажеттігін міндеттеп берді. Білім беру деңгейі- экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім беру саласында кенжелеп қалу елдің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлт болашағына және мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Еліміздің білім беру саясатының мақсаттары мен міндеттерін шынайы анықталды.Еліміздің білім беру әлеуетін дамытудың стратегиялық міндеттері, мемлекет пен қоғамның келісімделген әрекеттерін жүзеге асыру қажеттілігі анықталды. Білім берудің сапасы-қоғамдағы білім беру үдерісінің күйі мен нәтижелігін, оның жеке адамның адамзаттық, тұрмыстық және кәсіби біліктілігін дамытудағы, кәсіби біліктілігін дамытудағы және қалыптастырудағы қоғам қажеттілігі мен үмітіне сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік категория. Түрлі елдердегі білім беру сапасы айтарлықтай дәрежеде әр нұсқалы. Сондықтан мектептегі білім берудің үздік жүйелерін –мәдени және әлеуметтік мәселелерге қарамастан не біріктіретінін,сондай-ақ оларда оқушылардың нәтижелерін үнемі жақсарту үшін қандай механизмдер қолданылатынын түсініп алу аса маңызды.Халықаралық салыстырмалы бағалау және халықаралық мониторинг жүргізу арқасында түрлі ұлттық білім беру жүйелерінің айырмашылығы мен нәтижелері анағұрлым айқындала түседі. Нақ осы салыстырмалы халықаралық зерттеулер оқушылардың білім жетістігінің нәтижелері бойынша мектепте білім беру жүйесінің тиімділігін көрсетуге,сондай-ақ білім берудің мықты және әлсіз жақтары туралы, реформа жүргізу нәтижелері және білім беру күйінің нәтижелері, әр елдің білім беру қызметін жақсартуға әсер ететін факторлар мен жағдайлар туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру ең басты міндеттерінің бірі – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жұмыстарын жеделдету, яғни 2015 жылға дейін бейінді мектепте жұмыс істейтін мұғалімдерді дайындау мазмұнын «білімдік» қатыстан құзырлылық қатысқа ауыстыру. .

Білім беру саласында қол жеткізілген бүкіл әлемдік бітімнің оқушылар үшін білімнің де,дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды.

Жиырма бірінші ғасырдың талабы-оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білу. Қазіргі таңда оқушылардың білім үрдісі жан-жақты зерттелуде. Әлем лдерінің бір-бірімен бәсекелестік қуаты табиғи ресурстармен емес, адам капиталымен ерекшеленіп отыр.Біздің еліміз де реформалау үрдісіне бар белсенділігімен ат салысуда..

Білім мен ғылым жүйесіндегі реформа әр кезде әр түрлі деңгейде жүргенмен, тұтастай алғанда, бүкіл білім жүйесінің құрылымын өзгертті. Бұл мемлекеттің қалыптасуына,зиялы қауымның психологиясының өзгеруіне және ғылымның дамуына үлкен үлес қосуда. Қазіргі ойлау жүйесі- тұлға дамуының алғышарты болып табылады.

Қазіргі таңда халықаралық білім беруді зерттеуге арналған сұраныстың

көбеюі, ұлт пен мемлекеттің даму үрдісі жаһандану және интеграцияланған

кезіндегі білім беру екендігінің айқын көрінісі болып табылады.Оқушының





Тәрбие ұлылар өсиетін сақтай отырып, олардың рухани адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші бірден бір құрал. Мәселен, халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибелері мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың қоршаған ортаға қарым қатынасын және соған сай мінез құлқын қалыптастыру осы тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Яғни, жеке тұлғаның дүниеге деген өзіндік көзқарасы, ізгілік, адамгершілік, эстетикалық т.б. қасиеттері тәлім тәрбие арқылы қалыптасып, жетіліп отырады.

Тәрбиенің түрлері көп. Дегенмен, тәрбие атаулының негізі адамгершілік тәрбиесі. Жалпы адамгершілік тәрбиесі жас ұрпақтың адамгершілік сана сезімін, мінез құлықын қалыптастыруды қамтиды. Сөйтіп, ол жас ұрпақ бойына адалдық пен шыншылдық, кішіпейілділік, үлкенді сыйлау мен ибалылық, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық жомарттық, ізгілік пен достық сияқты ізгі қасиеттерді жинақтайды.

Жалпы адамгершілік тәрбиесі жас ұрпақтың адамгерішлік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Солайша ол жас ұрпақ бойына адалдық пен шыншылдық, кішіпейілдік, үлкенді сыйлау мен ибалық, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық жомарттық, ізгілік пен достық сияқты ізгі қасиеттерді жинақтайды.

Жастарға ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде адамгершілікті білім беру болса, адамгершілік тәрбиесі ұрпақты құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға тәрбиелеу болып табылады. Мұндай жағдайда балада адамгершілік түсініктердің алдын ала дамуының мәнісі өмірлік жағдайда баланың қажететінен шығатындай білім қорын жинақтауы. Сондықтан бала өмірде кездесетін таныс, таныс емес жағдайларға даяр болуы қажет. Жинақталған адамгершілік түсініктер қоры балаға жаңа жағдайларда өзін көрсете білуге бағыт бағдар береді. Адамгерішіліктік, тәрбиелік адамның қоршаған ортасына ең алдымен еліне, еңбекке және адамдарға әрекет арқылы қарым қатынас дегеніміз, адамның білімінің, жан толғаныстары мен практикалық істерінің жиынтығы. Адамгершілік тәрбиенің аталмыш қасиеттерін бала бойына дарыту сан түрлі жолдармен жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздегі білім беру жүйлері мен білім беру мазмұны жаңару жолында. Оның басты себептері әлемдік өркениетке ілесе отырып, елімізді бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосу идеясы болып отыр. Мұндай күрделі де, жауапты мақсатқа қол жеткізу үшін, көптеген міндеттер туындайды. Ол міндеттер: жастарды ұлттық мәдениетке бейімдей отырып, әлемдік мәдениетті меңгеруге баулу; ана тілін жетік білу, өзге тілдерді меңгеру, өз тілін өз елінің мәдениетін өзгелерге таныта алу; Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық нәсілдік толеранттылық қасиет қалыптасыру арқылы еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастыққа өз үлесін қосу; салауатты өмір салтын қалыптастыру және т.б. Осылардың ішіндегісі бүгінгі күні кімді де болса толғандырмай қоймайтын, жоғарыда айтылып кеткен, рухани адамгершілік мәселесі. Өйткені бүгінгі таңда рухани адамгершілік тәрбиесінің өзектілігі күнен күнге арта түсуде.

қалыптастыру процессі» деп анықтама берілетін болса, Қазақ энциклопедия сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі- мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімі, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі» деген анықтама береді;

Қоғамдағы күрделі өзгерістер жастардың тұлғалық сипатына мынадай талаптар қояды: өз денсаулығын сақтап нығайтуда салауатты өмір салтын өмірлік қиындықтарды тәжірибені игеруге тиіс. Қорыта келе, жастар әлеуметтік қатынастардың мәдениетін меңгеріп, оны өмір талабына сәйкес жетілдіріп отыруы маңызды.

Тәрбие жеке тұлғаны мақсат бағыттылы басқару процессі, әрі жастарды жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін мектепте іріктелген тәрбие жұмыстарының жүйесі. Қазақстан Республикасы бүкіләлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат етуіне орай, мектептегі білім беру саласының түбегейлі өзгеріске түсуі жастардың тәрбиелік, мәдени деңгейін әлемдік жетістіктер деңгейіне көтеруді қажетсінеді. Осыған орай, қазіргі заман жастарын тәрбиелеу мақсаты ізгілікті, білікті, мәдениетті, өзіндік өмірлік ұстанымы бар, қарым-қатынас мәдениеті жетілген, өз өмірін құруға, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға бейім жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі сонау адамзат қауымы қалыптасқан кезеңнен бері қарай өзінің өзектілігін кемітпеген тақырып. Осыған байланысты рухани-адамгершілік туралы көптеген ғалымдар, ойшыл ғұламалар өз көзқарас пікірлерін қалдырып отырған.

Адамгерішліктің қайнары мен адамгерішлікті жетілдіру тәжірибесі сонау өткен ғасырлардан тамыр алған. Егер, Аристотель адамгершілік табиғатын тануда жақсы әрекет көрсетуге міндетті емес, жақсы мен жаманды айыра білу үшін ең алдымен, моральдық, орнықтылық, эмоционалдық еріктілік сенім қажет десе, Платон мен Демокрит гумандық қалыптасу мәселесін мемлекеттің аса бір тапсырмасы ретінде қарастырады.

Көрнекті шығыс ойшылы Әл-Фараби мұраларында адамгершілік идеяларына өте үлкен мән берген. Ұлы ғұлама өзінің «Әлеуметтік-этниалық трактттар» атты шығармасында адамгершілікке: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күш болып екеуі біріккенде- бұлар адамшылық қасиеттері болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгілікті, қайырымды адам боламыз»,- деген анықтама береді. Біз өмір сүріп отырған қоғамда адамгершілік екінші бір адамға жақсылық жасап, көмек көрсетуден тұрады деген ұғым қалыптасқан, ал Әл-Фараби жоғарыда айтылған ойларында адамгершілік адамның өз басынан, өз басына, өзіне деген өзіндік ізгі көзқарасынан бастау алу керек дейді.





өздігінен білім алуына жетелеу мұғалім қызметіне жаңаша сипат әкеледі.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз ету , халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, мұғалімдердің мәртебесін арттыру, олардың қызметі мансаптық өсуі, кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ мұ-

ғалімдердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі- адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну .Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы -ғылымды әр қырынан меңгеру .

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры. Еліміз өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген адамдарды қажет етеді.

Ұстаз парызы- балалардың бойындағы ерекше қабілеттілікті, дарындылықты тани білу, оның дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Ұлы ойшыл Плутарх кезінде: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Сондықтан әрбір ұстаз бұған жол бермеуі керек», – деген екен.

Қазақстанда жүргізілген PISA халықаралық зерттеулері баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне ата-аналардың қатысуы функционалдық сауаттылық деңгейіне оң әсер ететінін көрсетті.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Қазақстанда кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте алғаш рет 2012-2016 жылдарға арналған функционалдық сауаттылықты дамытудың Ұлттық іс-қимыл жоспары дайындалды, онда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген.Функционалдық сауаттылықтың жалпы бағыты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген.

Функциональдық сауаттылық мәселелерін ұлттық құндылықтармызға сай Қазақстандық білім беру жүйесі тиімді енгізе отырып, оң нәтижелерге қол жеткізуде. Себебі, жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі. Себебі, қазіргі таңда Қазақстандық оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, шығармашылықтарын дамыту жұмыстары басты назарға алынып, олардың алған білімдерін өмірдің кез-келген жағдайында тиімді қолдану негізгі міндеттердің бірі болып отыр.

**Баймуханбетова Раиса Кыдырбаевна**
*Ж.Жапаров атындағы орта мектеп*
*мектепке дейінгі шағын орталығының*
*география пәнінің мұғалімі*
*Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Кызылжар ауылы*

## ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі жаһандану кезіңінде жалпы білім беру процесін ұйымдастыруда жаңа принциптері мен ғылыми әдіс –тәсілдерінің белсенді түрін пайдалану, оқыту технологияларының инновациялық түрлерін оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселелері өзекті болып тұр.

Жалпы алғанда, инновациялық процестер- бүкіл әлемнің білім беру жүйесі дамуының негізгі және қажетті тендецияларының бірі болып табылады.

Оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар мен олардың кейбір элементтерінің келесідей түрлерін атап көрсетуге болады:

- бағдарламалы оқыту;
- дамыта оқыту;
- проблемалық оқыту;
- ақпаратты технологиялар;
- компьютерлі технология;
- мультимедиялық технологиялар;
- интерактивті, активті оқыту әдістері;

Қазақстан Республикасының Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері аталып көрсетілген, соның бірі – білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясың енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу. Жаңа технологияның меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Мектептегі география пәнін оқыту процесінде компьютермен сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоционалдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.Білім берудің негізгі мақсаты –білім мазмұнын жанартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар.

- интерактивті тақта мен электронды оқулықтарды қолдана отырып, ондағы тапсырмаларды орындау.
- қосымша материалдарды көшіріп енгізіп, онымен белсенді жұмыс жасау.





қатынастарды басқарады.Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді.

Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.Әр баланың жеке басы- оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау- бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. «Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа...» «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға»- деген мақалдардан көруге болады.Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы.Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі .Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы- өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.Ұрпақ тәрбиесі- келешек қоғам тәрбиесі.Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл- парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани- адамгершілік білім жобасы біздің балабақшада эксперименттік пән ретінде жүргізіліп келеді.

Балабақша тәрбиешісіне арналған әдістемелік құрал, көркем шығармалар хрестоматиясы және балалардың дәптерінен тұратын бұл оқу – әдістемелік кешен «Өзін-өзі тану» курсының негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымының, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани адамгершілік құндылықтар мен білім жүйесін дамытып қалыптастыру; Кәсіптік және адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу өндірістік және қоғамдық іс әрекеттерде іске асыру.

Адамгершілікке тәрбиелеу деген ұғымды педагогикалық энцеклопедияда: «Адамгершілік- мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту,моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез білімдерін, моральдық қасиеттерді

# SOCIÁLNÍ PEDAGOGIKA

**Жосалбаева Г.М.,**
*СР-21к тобының студенті*
**Исина С.С.,**
*аға оқытушы, педагогика және психология магистрі*
**Кулмурзина Л.Қ.,**
*Қаражал қаласының жастар ресурстық орталығының директоры*
*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономиалық университеті, Қазақстан*

## АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ- НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Тәрбие көп ғасырлық тарихына сүйене отырып, жан-жақты, ұдайы, үдерестi жетiлiп, толыстап отыратын динамикалық процесс. Қоғамның әрбір тарихи даму кезеңіне сәйкес тәрбиенің жаңа мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, жүзеге асырылады Тәрбие қоғамдық талаптарға сәйкес болуы міндетті. Егер қоғам құқықтық демократиялық мемлекет құрып жатса, ендеше ондағы адам тәрбиесі адамгершілік, азаматтық заңдар мен қылық-әрекет нормалары рухында жүріп жатуы қажетті. Жалпы адамзаттық құндылықтар қалыптастырудың маңыздылығын ескерумен бірге әлеуметтік ортаның кездейсоқ та, мақсатты бағытта да әсер, ықпал жасайтынын естен шығармаған жөн. Қазiргi заман тәрбиесi гуманистiк негiзде болып, тұлғаның әлеуметтiк-мәдени (өмiр және әрекет-қылық кейпiн таңдау және iске асыру), даралықты (тұлғаның өзiндiк қалыптасуы), жауапкершiлiктi қатынас (құндылықтар таңдау) бағыттарында дамуына орайласады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа- адамгершілік-рухани тәрбие беру.Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың»деп бекер айтылмаған.Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.Рухани- адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек.Адамгершіліктің негізгі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады.Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-





- тақта ретінде жазуға, өшіруге, дайын сызбаны жасап жартылай жауап кезінде қолдануға т.с.с. көптеген іс- әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді.

Геогафия сабағында компьютер оқу процесінің тиімділігін арттырудың бір құралы болып табылады. Бұл оқушылардың таным процесінің дамуына, оқу ақпараттарын және қолданылатын оқу тапсырмаларының кешенін кеңейтуге, шығармашылыққа жетелейді.

Компьютерлік технологиялар география пәні бойынша ақпараттық мәліметтерді айтарлықтай кеңейтуге және тереңдетуге, оны жүйелеуге, қажетті мәліметтерді таңдауға, болып жатқан процестер, нысандарды құбылыстардың даму қарқынын көруге мүмкіндік беретін көрнекіліктің заманауи, ыңғайлы және мобильді құралы болып табылады.

Педагогикалық қызметте ақпараттық технологияның ішінде ең негізгі ролді мультимедиалық технология алады.

«Мультимедиа» сөзі біздің лексиконымызға түпкілікті түрде кірді, қазір онсыз компьютер әлемін елестету мүмкін емес. Басқа түсініктер сияқты бұл ұғым да жан-жақты. Ең алдымен «мультимедиа» сөзіне анықтама берейік. Мультимедиа (ағылшынша multimedia, латынның *multi – көп, media* – -әдіс, тәсіл) – біртұтас ақпараттық орта құрайтын, әртекті ақпараттармен диалогтық режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ақпараттық және бағдарламалық кешен болып табылады. Мультимедиа төрт түрлі әртекті деректерді (график, мәтін, дыбыс және видео) біріктіреді

Бүкіл әлемді танып білу және өз орнын табу үшін адамға қажетті ақпараттық әлемнің бесінші элементі мультимедиа екендігі анықталды. Біздің көз алдымызда көптеген өзгеріске ұмтылып жатқан бұл өмір қызықтыратын және таңқалдыратын жаңа технологиялардың әлемі. Оның қандай деңгейге жететіні адамзатқа байланысты. Мультимедиа біртұтас ақпараттық ортаның әр түрлі салаларында қолданылады:

- жарнамалар (таныстырулар, жарнамалық фильмдер);
- телекоммуникация (World Wide Web, Web-сайттық беттер);
- ақпараттық жүйелер (мультимедиалық тізбелер, мұрағаттар, анықтамалар, энциклопедиялар, гипермәтінді ақпараттық-анықтамалық жүйелер);
- моделдеу (жаттығулар);
- білім берудегі оқыту бағдарламалары мен курстар (электрондық оқулықтар, компьютерлік есептер жинақтары, оқу құралдары), сонымен бірге видео-энциклопедиялар, сөздіктер, интерактивті жолкөрсеткіштер, рөлдік ойындар және т.б. кіреді;
- ойын-сауықтар (компьютерлік ойындар, виртуальдық шындық);
- кестелік ақпараттар;
- көрнекілік материалдар – графиктер, сызбанұсқалар, түсініктемелік суреттер, картографиялық ақпараттар және т.б.);
- физикалық, технологиялық, табиғи және басқа үрдістерді өте жоғары дәрежеде түсіну үшін анимациялық көрсетулер;

- сандық фотосуреттер арқылы алынған шын, нақты суреттер, т.б.;
- дыбыстық эффектілер және музыкалық компакт-дискілер деңгейіне дейін жазылған дыбыстық жазулар;
- кино және видео үзінділер;
- арнайы компьютерлік интерактивті материалдар, интерактивті кестелер мен графиктер, интерактивті анимациялар (үш өлшемді виртульдық объектілермен жасалған).

Компьютерлік технологияны қолдануға бағытталған оқытудың ақпараттық технологиялары оқу үрдісін басқаруды күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл бейімдік оқытудың бірден-бір құрылған алғышарттары болып табылады.

Мультимедиялық презентация география сабағында оқушылардың өзіндік жетілуіне, өз бетімен жұмыс жасауға, шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды. Презентацияларды құру – бұл жобалау іс – әрекетінің элементтерімен бірге шығармашылық процесс болып табылады. Оқушылар мұндай жобаларды қызығушылықпен құрады және өзге оқушылардың құрған презентацияларын қызығушылықпен тамашалап, оларды талдайды және баға береді. Бұл жағдайда оқушылар түрлі ақпарат көздерінен қажетті мәліметті іздеуге деген құлшыныс пайда болып, олардың танымдық – ақпараттық және қарым- қатынас дағдылары қалыптасады.

Одан бөлек география сабағында компьютерлік графикалық материалдар презентациялық слайд арқылы көрсетіледі. Microsoft Pover Point бағдарламасының көмегімен оқу процесінде презентациялар мен слайдтар жасап көрсету, оқушылар үшін қызықты және дәлелді (мағыналы) болады, танымдық ойлауы мен есте сақтауын қалыптастырады.

Сабақта электрондық оқулықтарды қолдану және ондағы тапсырмаларды орындау оқушылардың қызығушылықтарын арттырады. Оқушылардың қызығушылығын арттыруда проблемалық сұрақтар беру оларды ойлануға, өз бетімен жұмыс жасауға жетелейді, ойларын айта білуге дағдыландырады.

Қазіргі кездегі барлық білім беру технологияларының алдына қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсері мол.





разом, чтобы компьютер становился не самоцелью, а лишь логическим и очень эффективным дополнением к учебному процессу.

Литература

1 Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учеб . п особ . для студ. высш . пед . учеб. заведений / И.Г. Захарова. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 192 с .

2 Молянинова О.Г. Мультимедиа в образовании (теоретические основы и методика использования): монография / О.Г. Молянинова . – Красноярск: Издательство: КрасГУ , 2002. – 300 с.

3 Семенова Н.Г. Мультимедийные обучающие системы лекционных курсов: теоретические основы создания и применения в процессе обучения студентов технических колледжов электротехническим дисциплинам: автореф .дис … докт . пед . наук: спец . 13.00.02 «Теория и методика обучения и воспитания (технические дисциплины, уровень высшего образования)» / Н.Г. Семенова. – А., 2007. – 34 с.

4 Электронный ресурс. – Режим доступа: http :// www .ido . edu . ru / open / multimedia / liter . htm #01. Уваров А.Ю.. Педагогический дизайн. – Информатика, №30, 2003. – 43с.

5 Шлыкова О.В. Культурный феномен мультимедиа и его возможности для учебного курса в гуманитарном колледже // Ученые записки Московского гуманитарного педагогического института. М. 2003. – 144-152 с.

очень ярким, образным; неоднозначным и пригодным для анализа; Всегда хороши «личностные» материалы, индивидуально окрашенные, эмоциональные; Лучше сочетать различные виды материалов — фото, плакаты, тексты, карикатуры, схемы, диаграммы;

Материал обязательно должен быть структурирован, должна быть внутренняя логика его построения, но не обязательно совпадающая с логикой учебника и программы;

Использование интерактивной доски не вносит в педагогическую стратегию ничего принципиально нового. Выбор ее определяется индивидуальными особенностями, предпочтениями, квалификацией учителя. Он работает так же, как и раньше, хотя возможности его значительно расширяются. Любой урок имеет двух субъектов – учителя и учеников. Доска третьим субъектом стать все же не может. Но её возможности позволяют увеличить время работы на уроке, интенсифицировать ее даже при очень разном уровне готовности учащихся. Каждый может видеть, слышать, анализировать. То есть индивидуализация обучения значительно возрастает.

Способы обучения с применением компьютерной техники полностью зависят от того, какие мотивы движут преподавателя, увлеченного использованием компьютерных технологий в образовании. На сегодняшний день такие уроки могут быть и данью моде, и баловством, и экспериментальной (не всегда безобидной для обучаемых) работой педагога по поиску новых форм обучения, и доказанной необходимостью.

Представляется, что использование компьютеров при преподавании оправдано лишь в единственном случае: если компьютер является средством облегчения ученического труда – иначе зачем?

Определяя цели, задачи и возможности использования компьютерных технологий на уроке, преподаватель может, прежде всего, иметь в виду следующие принципиальные позиции:

а) сохранение психического и физического здоровья учащихся;

б) формирование у обучаемых элементарных пользовательских умений и навыков;

в) помощь обучаемым в усвоении учебного материала на основе специально и грамотно созданных для этой цели прикладных компьютерных программ по изучению иностранного языка.

Перечисленные задачи, если преподаватель собирается следовать таковым, полностью исключают такую структуру процесса обучения, как стопроцентное сидение обучаемых у компьютера. Нужны разнообразные формы учебной деятельности: это и фронтальная работа по актуализации знаний, и групповая или парная работа обучаемых по овладению конкретными учебными умениями, и дидактические игры, и работа консультационной службы, это и интересные устные и письменные задания. Все они должны быть скомпонованы таким об-





**Мунарова Нулифар Иминжановна**
*№82 жалпы білім беретін мектептің*
*ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*
*Қазақстан, Алматы қаласы, Алатау ауданы*

# АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА КЕҢІНЕН ҚОЛДАНАЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістері мен тәжірибелерін жалғастырып, тың жаңалықтар іздеу, классикалық педогогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек.

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыруда оқушының өзі арқылы, оның іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып, жүзеге асырылады.

Білім –жолы қиын да қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы педагог қызметкерлердің тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор,қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн.

Елбасымыз өз жолдауында үш тілді меңгеру қазақстандықтардың өздері үшін міндетті шарт екендігін және 2020 жылға қарай ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі кем дегенде 20 пайызды құрауы қажет екендігін атап өтті.

**Сондықтан да тілді үйретуде жаңа инновациялық технологиялардың маңыздылығы ерекше.** Оқыту мен оқу үрдісінде қолданылып жүрген технологиялар қатарында ағылшын тілін оқытуда коммуникативті оқыту технологиясының маңызы зор. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет- тілді коммуникативті бағытта үйрету.

Коммуникативтік оқыту технологиясының мақсаты: шет тілінде пікір алысуды пікір алысу арқылы үйрету, оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуі мен өзара тіл табысып, сөйлеуді дамытуы. Коммуникативті оқыту технологиясы – дегеніміз пікір алысуға негізделген әдіс. Коммуникативтік – оқыту процесінің тілдік бағытын білдіреді, ол тіл дамыту жұмыстарының бір түрі.

Тіл – қарым – қатынас құралы. Тіл игеру арқылы адам айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым – қатынасқа түсе отырып оның ой өрісі кеңейеді. Ағылшын тілін үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар- оқу үрдісі оңайдан қиынға қарай бағытталған, тілдік материалдар күнделікті өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шыңдалып, өңделген.

Коммуникативті оқытуда білім беру- оқушының өзін ауызша (түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға(оқу және жазбаша) тарту, яғни оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым-қатынасын қалыптастыру.

Коммуникативтік әдіс ағылшын тілін оқытудағы оқу тәрбие үрдісінің барлық мақсат-міндеттерін қамтиды. Басты көңіл бөлінетін нәрсе ол сөйлеу және оқу. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін жазуды үйренеді. Сөйлеу мен оқу арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдаланады. Коммуникативті технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізгенде жұптық, топтық жұмыстардың, ойынның, әннің, жобалау жұмысының маңызы зор.

Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап- жаңа инновациялық-технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру.

Жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде оқу орындарында ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай,оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету,байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып,қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса,тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Сондықтан мұғалім оқушыны ынталандыру, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты төмендегідей жолдармен өткізуіне болады:

-Сабақта тақырыпқа байланысты кестелерді, суреттерді кең көлемде қолдану;

-Интерактивті тақтаны қолдану арқылы тақырыпқа қатысты слайд-шоу, бейнетаспаларды көрсету;

-Сабақты ойын түрінде өткізу;

-Сабақта ақпараттық-техникалық құралдарды және инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім сапасын әсер етеді.

Пәнге деген қызығушылықты арттыруда ең көп қолданылатын тиімді тәсіл сабақты ойын түрінде өткізу болып табылады . Сабақты ойын түрінде өткізу оқушылардың грамматиканы, лексиканы тез меңгеруге, сөйлеу және есту қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар ойынды сүйіспеншілікпен мұғалімдер де, оқушылар да ойнайды. Себебі, ойын балалар үшін еліктіргіш сабақ болып табылады. Ойын кезінде жақсы оқитын оқушылар да, нашар оқитын оқушылар да тең. Сол себепті ойын кезіндегі теңдік сезімі, оқушының тапсырманың қолынан келетінін сезінуі, еркін атмосфера әрбір оқушыға өз бойындағы ұялшақтық сезімін жеңуге, өз ойын еркін білдіруге, топта бірлесе жұмыс істеуге көмектеседі. Ойындар келесідей маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:





<u>Предмет иностранный язык</u>.

Интерактивная доска дает возможность использовать на уроках тезисы, таблицы, видео – и справочные материалы, при анализе текстов – схемы и данные электронных словарей. Это позволяет реализовать принципы наглядности, доступности и системности. Можно использовать готовые рисунки по нужной теме. Разнообразные Web-ресурсы. На видео материале можно организовать речевую ситуацию, обучать постановке вопроса, составлению высказывания, организации диалога. Работа с видеоматериалами значительно расширяют объем воспринимаемой информации.

Можно создавать ссылки с одного файла на другой – например, аудио-, видео-файлы или Интернет-страницы. Это позволяет не тратить время на поиск нужных ресурсов.

Аудио – и видеофайлы легко контролировать, проигрывая небольшие отрывки, при необходимости вернуться к любому уроку, вспомнить, что пройдено ранее. Материалы к уроку нужно приготовить заранее – это обеспечит хороший темп занятия и сохранит время на обсуждения.

Можно подключить и другое аудио – и видеооборудование. Это важно при изучении иностранного языка, когда преподаватели хотят, чтобы учащиеся могли одновременно читать текст и слышать произношение. Виртуальный магнитофон позволяет одновременно прослушивать аудио файлы и производить запись.

3. Распознавание рукописного текста. Компьютерных наглядных материалов и обучающих ресурсов по любой теме можно найти великое множество и использовать их многократно. Не нужно беспокоиться за сохранность бумажных карт, плакатов и т.п. – в них просто отпадает необходимость.

Существенно повышается уровень компьютерной компетенции учителей.Интерактивная доска соответствуют тому способу восприятия информации, которым отличается новое поколение учащихся, у которого гораздо выше потребность в темпераментной визуальной информации и зрительной стимуляции.

<u>Предмет химия</u>.Учащиеся начинают понимать более сложный материал в результате более ясной, эффективной и динамичной подачи.

Часть изображения можно закрыть «Шторкой» или высветить «Прожектором». Моделирующая среда позволяет решать широкий круг задач путем их визуального проектирования на основе моделей объектов, явлений, эффектов и свойств, с последующим управлением моделями и наглядным представлением результатов расчета.

- Дополнительное внимания на важных и сложных моментах
- Освобождение от рутинных записей
- Возможность фиксации ключевых моментов
- Предоставление необходимого справочно-иллюстративного материала по уроку
- Материал для самостоятельной работы

Урок более индивидуализирован, благодаря использованию аутентичных материалов, прежде всего визуальных. Визуальный материал должен быть

Методы и приёмы использования информационных технологий на уроке – разные, но при их внедрении мы выполняем единственную задачу: например сделать урок литературы интересным, а чтение увлекательным. А нетрадиционные уроки с использованием информационных технологий должны привлечь современного школьника к чтению, облегчить процесс знакомства с классикой, пробудить интерес к книге.

Интерактивная доска имеет интуитивно понятный, дружественный графический интерфейс.Интерактивная доска использует различные стили обучения: визуальные, слуховые или кинестетические. Благодаря интерактивной доске, ученики могут видеть большие цветные изображения и диаграммы, которые можно как угодно передвигать.

Предмет математика.Работая с интерактивной доской, преподаватель сможет:Активно комментировать материал: выделять, уточнять, добавлять посредством электронных маркеров с возможностью изменить цвет и толщину линии. Делать пометки можно прямо поверх изображения; рисовать и делать записи поверх любых приложений и веб-ресурсов, что усиливает подачу материала. Когда вы работаете на интерактивной доске, вы можете взять маркер и сделать запись, добавить комментарий, нарисовать круг, подчеркнуть или выделить нужную информацию. Можно использовать разные цвета и способы выделения.

Работа ученика сканируется и выводится на доску, ученик поясняет свое решение или учитель проверяет, комментируя. При необходимости учитель или другие ученики исправляют допущенные ошибки. Если задача имеет несколько решений, на доску с помощью сканера выводятся другие варианты, и учащиеся имеют возможность быстро сравнить различные способы решения задачи.

Не рисовать заново для каждого графика и урока систему координат

Быстро воспроизводить графики сложных функций, решать графически большее количество уравнений и неравенств, в том числе и с параметром, изменяя чертеж по ходу решения.

Предмет русский язык.

Работая с интерактивной доской, преподаватель сможет:

Выполнить набор посредством виртуальной клавиатуры любого текста задания в любом приложении и его демонстрацию в режиме реального времени;

Вставить пропущенные буквы, подчеркнуть маркером главные члены предложения. Записать маркером слово, разобрать по составу.

Провести полноценную работу с текстом с указанием связей и взаимоотношений между словами;

Не только знакомство с тестовыми заданиями в режиме просмотра, но и показательное тестирование отдельного ученика или группы учеников для всей аудитории. Контроль осуществляется немедленно, возможность работы над ошибками. Удобна при работе в большой аудитории, удобна для ведения дискуссии и обсуждения. Проецируя на доску задание, можно организовать «публичное « решение, дискуссию





1. Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;

2. Балалардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;

3. Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтырады.

Белгілі ғалым М.Ф.Стронин өзінің «Ағылшын тілі сабағында қолданылатын жаттықтырушы ойындар» кітабында ойындарды келесідей категорияларға бөлді: лексикалық ойындар, грамматикалық ойындар, фонетикалық ойындар, орфографиялық ойындар және шығармашылық ойындар.

Сонымен қатар сабақта электронды кітаптарды пайдаланудың да маңызы өте зор. Себебі, ол оқушының танымдық көзқарасын қалыптастыруға, ізденісін ұлғайтуға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға көмектеседі.

Оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану аса маңызды. Өзімізге белгілі жаңа технологияларды қолдануға көп үлес қосып жүрген зерттеуші ғалымдар қатарына У.С.Полат, Е.Н.Дмитреева, С.В.Новиков, Т.А. Помелова жатады. Шыныменен, жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолдану үлкен рөлге ие болып, барлық салаларда қолданылуда. Интернет-технологиялар ақпаратты іздеуге, халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеуге, ғылыми зерттеулер жүргізуге үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Сондықтан ағылшын тілі сабағында оқушының оқу-танымдық көзқарастарын дамыту үшін, ең алдымен ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырудың жолдарын іздестіруіміз керек. Сондықтан, тіл үйренушілердің тілге қызығушылығын арттыру,мең біріншіден, ұстаздарға байланысты.

Қорыта айтқанда, шетел тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман тапсырысы болып табылады.

Шетел тілінің мұғалімі оқытудың жаңа технологиясын жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін оқып үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білуі керек. Елбасымыз Н.А.Назарбаев айтқандай «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында». Сондықтан біз-ұстаздар XXI ғасырдың біздің алдымызға қойып отырған барлық талаптарына сай болып, үздіксіз білімімізді көтеріп отыруымыз қажет.

**Орманова Гульназ Байгазиевна**
*Ж.Жапаров атындағы орта мектеп*
*мектепке дейінгі шағын орталықтың*
*дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

## МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ – ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БАСТЫ БӨЛШЕКТЕРІНІҢ БІРІ

Дене тәрбиесі – тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың дене амуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Бұл анықтама дене тәрбиесінің салыстырмалы түрде даралық ерекшелігін көрсетеді. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек т.б тәрибелермен байланысты. Сондықтан да біздің елімізде дене тәрбиесінде қоғамдық тәрбие мақсатын туындайтын педагогикалық міндеттер де шешімін табады.

Дене тәрбиесі ұғымын жалпы тәрбие деген кең ұғымның бір саласы деп ұққанымыз дұрыс. «Дене тәрбиесі» атауы педагогикалық процесс. Ол тәрбиелік және білімділік міндеттері шешуге тиіс. Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелерден айырмашылығын айтатын болсақ, біріншіден, бұл процесті дене сапаларын дамытумен бірге тиімді дағды, әдет қозғалыстарын қалыптастыру арқылы дене жұмыскерлігін арттыру деп ұғынамыз. «Дене тәрбиесі» дегеніміз – ол адам бойындағы морфофункционалдық қасиеттерді дамытатын, білімін байытып, шеберлігін, қозғалыс дағдыларын арттыру негізінде еңбек көрсеткіштерін жақсартумен бірге Отанымызды қорғауда жоғары жетістіктерге жетуге бағытталған педагогикалық процесс. «Дене тәрбиесі» ұғымының екі мағынасы болуы мүмкін. Біріншісі – дене жөніндегі білімділік, екіншісі – ден қасиеттерінің тәрбиесі.

Мектептегі дене тәрбиесі – жалпы педагогикалық жүйенің басты бөлшектерінің бірі. Бұл тек мектеп қабырғасында жүргізілетін жұмыстарымен, дене тәрбиесі сабақтарында, дәрістерде шектелетіндігі айқын. Дене тәрбиесі – мектепте, мектептен тыс жерлерде мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін әртүрлі жұмыстар. Дене дамуы – адам организмі формаларымен қызметінің индивидуальды өмір барысындағы өзгеру процесі.

Мектеп ұйымдарында дене тәрбиесін жоспарлау мен есепке алу:

• Апталық жоспар.
• Айлық жоспар немесе әр тоқсанға арналған жоспар.
• Жылдық жоспар.

Осы жоспарлар негізінде тақырыптқа байланысты дене шынықтыру сабағының жоспар – конспектісі міндетті түрде болуы керек. Сабақ жоспарын құрудың бірнеше нұсқасы қолданылып жүр.

Жылдық жоспарлау – бұл белгілі бір уақыт аралығында қандай құралдарымен, әдістермен, қандай ұйымдастыру формаларында дене тәрбиесінің





5. Систематизация и закрепление материала. Это необходимо для лучшего запоминания и четкого структурирования. С этой целью в конце урока учитель делает обзор изученного материала, подчеркивая основные положения и их взаимосвязь. При этом повторение материала происходит не только устно, но и с демонстрацией наиболее важных наглядных пособий на слайдах, выполнение тестов на компьютере.

Сейчас существует большое количество мультимедийных учебников по разным предметам и классам. Поэтому использование на уроках демонстрационных средств (слайды, атласы, рисунки в учебнике, картины, анимации, видеозаписи) способствуют формированию у детей образных представлений, а на их основе – понятий. Интересны различные энциклопедии и электронные справочники, которые издают большое количество издательств. Но не всегда в таких учебниках можно найти то, что действительно нужно в конкретном случае и подходит данному классу и данному учителю. Тогда учитель начинает создавать и использовать свои уроки с ИКТ.

Компьютерная лекция, разработанная средствами PowerPoint – это тематически и логически связанная последовательность информационных объектов, демонстрируемая на экране или мониторе. В ходе лекции используются различные информационные объекты: изображения (слайды), звуковые и видеофрагменты. Эффективность работы со слайдами, картинами и другими демонстрационными материалами будет намного выше, если дополнять их показом схем, таблиц.

После таких уроков изученный материал остаётся у учащихся в памяти как яркий образ и помогает учителю стимулировать познавательную активность детей.Чаще всего в своей практике учитель проводит уроки комбинированного типа, где присутствует и опрос домашнего задания и объяснение нового материала.Условия презентации:

1. Проецирование на большой экран (участники следят за показом со своих мест, изменить порядок и быстроту кадров не могут).

2. Демонстрация на компьютерах слушателей (но управление презентацией осуществляется только автором).

3. Самостоятельный просмотр готовой презентации на компьютере в автоматическом или управляемом слушателем, а не автором, режиме.

Типы уроков с использованием презентаций в программе PowerPoint:

1) лекционные, которые имеют главной целью, не иллюстрировать, а зрительно дать сложный материал для записи учащимся в удобной форме;

2) уроки – иллюстрации по темам, где существует необходимость ярких зрительных образов,

3) уроки – наглядные пособия, помогающие как образцы, создавать учащимся подобные работы самостоятельно.

Используя слайд – фильмы, интерактивные модели, можно осуществлять дифференцированный, индивидуальный подход в работе с учащимися, владеющими разной степенью освоения учебного материала

2.Коммуникативное поведение в структуре национальной культуры// Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С.97-112 27.Беспалько В.П.

3.Ощепкова В.В. Язык и культура Великобритании, США, Канады, Новый Зеландии. «Издательство ГЛОССА – ПРЕСС». М: издательство «КАРО». Санкт-Петербург.2004. – Браун П., Левинсон С., «Принцип вежливости» 1999.-10-12 б

4.Есенова Қ.Ө., Ныязбекова К.С. Лексикалық бірліктердің прагматикалық мәні, мақала.

5.Беляев Б.В. Новое в психологии обучения иностранным языкам в кн. Психологические и психолингвистические проблемы владения и овладения языком. М., 1969. – 232 с.

**Сейдалиева Г.Ш., Гумбатова А.**

*Таразский государственный педагогический институт, Казахстан*

## МЕТОДИКИ ПРИМЕНЕНИЯ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В КОЛЛЕДЖЕ

Информационные технологии на разных этапах занятия:

1. Организационный этап. Во вступительной части урока ученикам поясняются цель и содержание последующей работы. На данном этапе целесообразно показать слайд с указанием темы и перечня вопросов для изучения. Показ этой информации на экране ускоряет конспектирование.

2. Мотивационно-познавательная деятельность. Мотивационно-познавательная деятельность учителя формирует заинтересованность ученика в восприятии информации, которая будет рассказана на уроке или отдается на самостоятельное изучение. Формирование заинтересованности может происходить разными путями:

А) разъяснение значения информации для будущей деятельности, демонстрация задач науки, которые могут быть решены с помощью этой информации;

Б) рассказ о проблемах, которые были решены с помощью этой информации.

3. Проверка усвоения предыдущего материала. С помощью контроля может быть установлена степень усвоения материала: запоминание прочитанного в учебнике, услышанного на уроке, узнанного при самостоятельной работе, на практическом занятии и воспроизведение знаний при тестировании.

4. Изучение нового материала. При изучении нового материала наглядное изображение является зрительной опорой, которая помогает наиболее полно усвоить подаваемый материал. Соотношение между словами учителя и информацией на экране может быть разным, и это определяет пояснения, которые дает учитель.





міндеттерін шешетінін, сондай – ақ одан қандай нәтижелер алынуға тиісті екенін алдын ала көре білу. Дұрыс жоспарлау белгілі бір жүйеде және бір ізгілікте дене шынықтыру жыттығуларын қолдана отырып, көзделген мерзімде мерзімде оқу-тәрбие жұмыстарында мейлінше жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Есепке алу – бұл денсаулық жағдайын, дененің даму деңгейі мен дайындығын анықтау. Осы есепке алу негізінде жұмыс жоспары жасалады. Есепке алу балалардың түрлі көрсеткіштерінің өзгеруін көруге, жоспарлаудың дұрыстығын анықтауға, оған дер кезінде кейбір өзгерістерді енгізіп отыруға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру сабақтары процесінде баланы жан-жақты тәрбиелеу: адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек т.б.тәрбиелер дене шынықтыру сабағы процесінде баланың жеке басыінң жан-жақты үйлесімді дамуы баланың бойында адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық сезім мен қарапайым еңбек дағдыларын нысаналы түрде қалыптастыру жолымен жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру сабағының ерекшелігі, балалар орындайтын жаттығу уақыты тәртібінің дәлдігінен көрінеді, мұның өзі жалпыға бірдей қарқынды қимыл үйлесімін, саналықты, жинақылықты, ерік-жігер күшін, тәртіптілікті қалыптастырады. Балалар үйренетін негізгі қимылдардағы жаттығу батылдық, табандылық, өзін-өзі билеуді және ептілік көрсетуді талап етеді. Сабақ процесінде балалардың бойында олардың адамгершілік қасиетіне лайық барлық нормалардың қалыптасуын бақылау қажет. Ол қарапайым формада баланың өз қимыл-әрекеті мен жолдастарының әрекеттеріне қолайлы талдау жасауға, сын тұрғысында баға беруге үйретеді. Бұл орайда мұғалімнің сөзі, балаларға ұсынылған тапсырманы тұжырымдаудың барынша айқындылығы, қимылды дұрыс орындағанын мақұлдауы, кемшілік жөнінде ескерту жасауы, ойынды жігерлі түрде бейнелеп әңгімелеп беруі маңызды рол атқарады.

Дене шынықтыру сабақтары баланың эстетикалық қабылдау қабілетін, талғамын, қоршаған өмірдің, сұлулықтың кейбір элементтерін қосуын дамытуға бағытталған эстетикалық тәрбиемен тығыз байланысты. Дене шынықтыру саласында оның ерекшелігіне байланысты эстетикалық қабылдау жоғары моральдық қасиетті, жан сұлулығын игерген, денсаулығы мықты, үйлесімді дамыған, күшті, ақ жарқын адамның бейнесінен басталады. Сырт көрінісі сымбатты, сұлу тұлғаның әсемділігіне ең алдымен пән мұғалімі сай болуы керек. Онымен тікелей күнделікті қарым-қатынас, оның өзін-өзі ұстау мәнерін, сөйлеу және қимыл мәдениетін, қайырымлыдық, кішіпейілдігін қабылдау балаларға игілікті әсер етеді, еліктеуге ынталандырады. Сабақ процесінде мқғалімнің айтқан сөзі, балаларға үн қатуы зор тәрбиелік рол атқарады. Ойынның мазмұнын бейнелі, эмоциялы етіп әңгімелеп беру, мұғалім көрсеткен дене жаттығулары көрнекі үлгілері техникалық жағынан дұрыс болуы керек. Олардың асем, дәл орындалуы балалардың солай қайта жасауға қызығушылығын туғызады. Балалардың дербестігі мен шығармашылық белсенділігін, әсіресе ересектерін тобында нысаналы түрде қалыптастыру

балаларды өз беттерінше жаттығуға және ойынға өзіндік ой қосуға, сондай-ақ өз ойларын ойлап үйретеді.

**Сабақ өткізу әдістемесі.** Сабаққа арнап дене жаттығуларын іріктеп алу негізінден жасалған жұмыс жоспарымен анықталады. Белгілі бір топтағы балалардың жасын, әрбір баланың жеке басының денсаулық жағдайын, дамуының жалпы дәрежесін балалар игерген қимыл дағдыларын, әрбір баланың жеке басының типологиялық ерекшелігін, жыл мезгілін, смабақ өткізу үшін жасалған жағдайды, сондай-ақ балалардың бұрынғы әрекеттерін есепке алуды да ескеретін кешенді және күнтізбелік жоспарларды негізге ала отырып, міндеттер белгіленеді және нақты дене жаттықтырулары іріктеліп алынады.

**Сабақтың типтері.** Дене шынықтыру сабақтары ойын формасында өткізілуі немесе гимнастикалық жаттығуларды, қимыл қозғалыс ойындарын ұштастыру мүмкін. Жоғарыда қарастырылған бала организмінің жұмыс істеу қабілетінің динамикасын ескертетін, сабақ құрылымы сабақтың көрсетілген типтерін жасаудың негізін құрайды және олардың жоспарын анықтайды. Ойын формасындағы сабақ кез келген жастығы топта өткізіледі, әсіресе, 1-4 сынып кішкентайлар тобында өткізу тиімді болады. Олар шартты формада баланы қоршаған әлемді бейнелейтін және негізі қимылдар мен денені жалпы дамытатын жаттығғулардан құралады, ал ересектер тобында сан алуан имитациялық-бейнелі элементтерінен тұратын тұтастай мазмұндық ойын жағдайының динамикасы мен жасқа байланысты мүмкіндігін ескертетін сабақ құрылымымен сай келуі керек.

**Сабақтың мазмұны мен құрылымы.** Әрбір жастағы топтарға арналған бағдарламадан туындайтын және балалардың қимыл әрекеттерінен көрінетін дене жаттығулары сабақтың мазмұнын құрайды. Дене жаттығулары мазмұны жағынан әр алуан. Бұл орайда айқын әрі дәл міндетті бағдарламаның жүргізілу жүйелілігін сақтау, сондай –ақ балалардың жасына байланысты, жеке басының ерекшеліктерін ескеру міндетті түрде қажет.

Дене шынықтыру сабақтары – балаларға дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Сабақтың арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл қозғалысқа үйрету, дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Дене тәрбиесі теориясы – адам денесін жетілдіру процесін басқарудың жалпы заңдары туралы ғылым. Дене тәрбиесі теориясы дене тәрбиесі жүйесінің мақсатын, міндеттерін, қағидаларын зерттейді, тәрбиенің басқа түрлерімен-ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық еңбек еңбек тәрбиесі мен дене тәрбиесінің заңды байланысын ашып көрсетеді. Дене тәрбиесі құралдарын оқып-білуге, дене жаттығуларын үйрету қағидалары мен әдістерін ашып көрсетуге дамытуға, спорттық жаттығулардың жалпы негіздерін, денені жаттықтыру сабақтарының әр түрлі формаларын, сондай-ақ дене тәрбиесі жөніндегі жұмысты жоспарлауға және есепке алуға көп көңіл бөлінеді.





адаммен тіл қатыспайды. Европа мәдениетінде қалыптасқандай әңгімелесу жақынырақ танысудың амалы болып саналмайды.

Лингвистикалық зерттеулердің екінші маңызды бағыты соңғы он жылдықтарда коммуникативтік қызмет үшін орталық кейбір интегралды үрдіс ретінде дискурсты зерделеудің қарқынды дамуымен байланысты. Дискурс сияқты құбылыстың күрделілігі мен көп қырлылығы мен олардың тұлғаларына ықпал ететін факторларды бөлуге талпыныс дискурста бар тілдік (грамматика мен лексикадан өзге) факторлардың өзін зерделейтін бірқатар бағыттардың дамуына соқтырды. Прагматикалық факторлар шегінде мәдени сипат факторлары айқындалды [4].

Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі коммуникацияның әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады.[5] Сонымен қатар коммуникацияның сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Мұның өзі коммуникацияның мынадай түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Аталған түрлердің ішінен бұл мақалада мәдениетаралық коммуникация қарастырылады.

Жаңа заман талаптары шетел тілін оқытушы ұстаздардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай шетел тілінде қарым – қатынасқа түсу бұрынғыдай белгілі бір пәннің, уақыттың аясында шектеліп қалмай, әртүрлі мәдениетаралық байланыстарға түсу, басқа елдердің рухани құндылықтарына құрметпен қарай отырып, елді әлемдік аренаға таныстыру мәселесіне бағытталып отыр. Бүгінгі таңда шетел тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі-мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, шетел тілін сол тілде сөйлеуші ұлттық тілдік және әлеуметтік – мәдени ерекшеліктеріне сай, дұрыс қолдана алатын, білімді де мәдениетті мамандар даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде «тіл-ұлт-мәдениет» үштігін өзара тығыз байланыста қарастырудың, оқушының бойында мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы зор.Өйткені шетел тілін оқытудың бұл аспектісі тілді этностың мәдениетімен тығыз байланысты қарастыруды, соның негізінде оқушылардың бойында тілін үйреніп отырған халықтың салт-дәстүрі, наным сенімдері, тарихы т.б. жайындағы білімді қалыптастыруды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Назарбаев Н.Ә. «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына»лекция, 2011ж.

бизнестегі мінез-құлық қарастырылады. Бұл социологиялық зерттеулердің іс жүзінде, бірінші кезекте қазіргі транснационалдық корпорацияларда қолданылады. Социологтардың белгілі бір мәдениет топтарына тән және олардың қадір тұтатын мінездері туралы мәліметтердің жиынтығының негізінде тиісті практикалық ұсыныстар жасалынып, арнайы мәдениетаралық тренингтер түрінде өткеріледі. Сауалнама жүргізудің келесі объективті аймақтары: ақпарат алмасу, әріптестермен қарым-қатынас, шешімдер қабылдау, шиеленісті жағдайлардағы мінез-құлық, басшыға көзқарас, жұмыс пен жеке өмірдің байланысы, инновацияға көзқарас. Зерттелген мәдени шартты мінез-құлық стереотиптерінің көп бөлігінің Хофстеде енгізген мәдениет параметрлеріне көтерілуінің мүмкін екендігі белгілі. Сондықтан мұндай жұмыстар көбінесе сол параметрлердің кейбір нақты ортада қалай болатынын тексеру сипатында жүргізіледі: сол уақыт кезеңіне, зерттелуші топтың, көбіне бірге жұмыс істейтін екі немесе одан көп мәдени топтың жасына қатысты өзгерістер зерттеледі. Ауқымды социологиялық проблемалар мигранттардың әлеуметтік бейімделуімен, шағын ұлттардың дәстүрлі мәдениетін сақтауымен немесе жоғалтуымен және тағы сол сияқтылармен байланысты.

Тілдік қатынаста мәдениетаралық өзара іс-әрекет бар екенін не білдіреді? Әртүрлі мәдениет өкілдері алмасатын хабарларды сипаттайтын не? Ол қандай коммуникативтік контекстерде байқалады? Түсінбеушілік, жете түсінбеушілік қалай болады, тілдік ерекшеліктер мен механизмдердің қайсысы түсінбеушіліктің орнын толтыруға мүмкіндік береді немесе бермейді? Жасалынған лингвистиқалық тақырыптардың ішінде түрлі коммуникативтік стильдерді өз тобының ішінде және тыс қолданылуында зерделеу психологияға тақау тұр. Аккомодацияның психологиялық ұғымы сөйлеу екпіні, тиісті лексиканы (шетелдікпен сөйлесекенде, баламен т.с.с. әңгімелескенде) таңдау, қарапайымдандырылған немесе күрделендірілген грамматикалық құрылым сияқты коммуникация параметрлеріне қолданылады. Аккомодацияның позитивті (әңгімелесіп тұрған адамның ыңғайына бейімделу) немесе негативті (әңгімелесушіден өзгеше стильді ұстану) болуы мүмкін. Түрлі топ өкілдері араласқанда (мәдени компоненттің үлесі туралы айтар болсақ) аккомодацияның бағыты бір топтың басқасына көзқарасына қатысты болады. Қатынастар құрылымына жақсы-жаман, төмен-жоғары, жақын-алыс межелері енеді Сөздің өзінің және сөздің болмауы ретінде үндемеу функциялары сияқты қарама қарсылықтар ерекше қарастырылады. Мәселен, Европа мәдениеттерінде, шала таныс немесе тіпті бейтаныс адамдармен араласқан жағдайда үндемеу әдепсіздік болып саналады.[3] Үнсіздік жайлап алмас үшін әртүрлі, мысалы, ауа райы жайлы әңгіме қозғайтыны сондықтан. Мысалы, поездің купесінде жолаушылардың сөйлесіп отыратыны сол себепті. Солтүстік Американың үндістерінің Атапаск мәдениетінде таныс емес адамдармен әңгімелесу құпталмайды ол қауіпті саналады. Әбден біліп танып алмағанынша бейтаныс





**Токбосынова Самал Шарипхановна**
*Сарыөзек орта мектебі*
*мектепке дейінгі шағын орталықтың*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Алматы облысы, Кербұлақ ауданы*

# АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Еңбек нарығының, еліміздің индустриялық инновациялық міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу» деп, негізгі мақсат атап көрсетілген.

Еліміздің іргелі ел болып егемендігін алған асулы жылдарында мұғалім алдында жаңа талаптар мен міндеттері қойылуда. Яғни, болашақ ұрпағымызды білімді де білікті, мәдениетті де саналы етіп тәрбиелеуде мемлекеттік тілді заман талабына сай жаңаша оқыту мұғалім тарапынан өмірлік зор маңызы ие болып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Қазіргі кезде мектептерде жаңа қолдану жөнінде жиі айтылып жатыр. Қазіргі педагогикалық технологиялар балалардың қабілеттерін біліктілік деңгейін, зеректіліктерін ескере отырып, даралап оқытуды қамтамасыз етеді және оқытуда құзыреттіліктерін іске асыруға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақ тілін, мемлекеттік тілді оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан

меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға қазақша тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді.

Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды.

**«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры»** болғандықтан бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі кезде оқушыны белгілі бір біліммен ғана қамтамасыз ету жеткіліксіз. Оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың кәсіптік білім алуымен қатар ізденімпаз, тапқыр, ой-өрісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек.

Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, іздемпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдалану маңызды болмақ.

Жалпы ақпараттық-коммуникативтік технологияға тоқталатын болсақ, **коммуникация** – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу, педагогикалық іс-әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады.

Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы мұғалім оқушының интелектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізеді.

Ақпараттық технология – ізденімпаздыққа үйретеді. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген ғасырда ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құзыреттілігін арттырып, пайдалану арқылы ғылымның кез-келген саласын жылдам дамытып, одан нақты тиімді нәтиже алуымызға болады. Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану өте тиімді. Дәстүрлі білім берумен қатар, қазіргі білім беру және ақпараттық технолгияларды негізделген дәстүрлі емес оқыту амал- тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Бұл технологияны пайдаланудың негізгі мақсаты: 1. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу-тәрбие процесінің барлық





тіл меңгеруде. Қоғамда өз орнын тауып, өзге ұлтты тереңірек білу үшін тек оның тілін біліп, сол тілде сөйлей білу жеткіліксіз екендігін өмір өзі дәлелдеді.

«Мәдениетаралық қарым-қатынас» термині тар мағынасында әдебиетте 1970 – жылдары пайда болды. Сол кезге қарай мәдениетаралық қатынас жағдайларында коммуникативтік сәтсіздіктер мен олардың салдарын зерттейтін ғылыми бағыт та жасақталды. Соңынан мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымы аударма теориясы, шет тілдерді оқыту, салыстырмалы културология, контрастивті прагматика және басқа салаларға тарады. Қазір мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы ғылыми зерттеулер тілдік қызметте мәдени шартты айырмашылықтарына және солардың салдарларына душарласқан адамдардың мінез – құлқына бағыт бұрған. Коммуниканттардың ахуалдық тілді іс – әрекеттерді айту және түсіндіру кезіндегі мәдени айырмалары сипаттау зертеу нәтижелері болды. Әуел бастан бұл зерттеулер үлкен қолданбалы мәнге ие болып, кросс – мәдени әсерлікті дамыту жөніндегі практикалық сабақтар (тренингтер) үшін сандаған жасалымдарда пайдаланылды. Мәдениетаралық қарым-қатынас қоғамдық феномен ретінде 20 – ғасырдан бастап «экзотикалық» аталатын мәдениеттер мен тілдерге қатысты ғылыми орта мен қоғамдық санада қалыптасқан мүддемен идиологиялық жағынан бекіген соғыстан кейінгі әлемнің практикалық сұраныстарынан туған. Практикалық сұраныстар көптеген елдер мен аймақтардың қарқынды экономикалық дамуының, технологиядағы революциялық өзгерістердің, осыған байланысты экономикалық қызметін жаһандануының салдарынан шыққан. Нәтижесінде әлем елеулі тарыла бастады әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы ұзақ байланыстың тығыздығы мен қарқындылығы мейлінше өсіп, одан әрі ұлғаюда. Экономиканың өзімен қоса білім, туризм, ғылым, кәсіби және әлеуметтік мәдениет арқылы коммуникацияның аса маңызды аймақтарына айналды.[1] Бұл практикалық сұраныстар қоғамдық санадағы өзгерістермен, бірінші кезекте гуманитарлық және қоғамдық ғылымдарда еврацентристік жолдан постмодернистік бас тартумен қолдау тапты. Әлем мәдениетінің саналуандылығының шексіз құндылығын мойындау, отарлаушылық мәдени саясаттан бас тарту, дәстүрлі мәдениеттер мен тілдердің басым көпшілігінің омырылуға бейімділігі мен жойылып кету қаупін сезіну тиісті пәндердің жер шары халықтарының бір – біріне қызығушылығының адамзат тарихындағы жаңа феноменіне сүйене отырып, буырқана дамуына әкелді.

Мәдениетаралық қарым-қатынас зерттеулерінде психологиялық, социологиялық және лингвистикалық бағыттарды бөліп қарауға болады. Бұлай бөлу зерттеу объектісіне, сондай-ақ қолданылған әдістемеліктерге қатысты. Мәдениетаралық қарым-қатынас саласында жұмыс істейтін социологтар осы ғылым үшін дәстүрлі әлдеқандай жолмен іріктеліп алынған респондеттер топтарында сауалнама жүргізу әдісін қолданады. Сауалнамалары адамдардың мінез құлқында қалыптасқан құнды ұстанымдар мен дағдыларды анықтауға бағытталған.[2] Негізінен жұмыс орнындағы, іскерлік қатынастағы және

**Шангереева Ш.Т.**
*Қазақстан Республикасы. Алматы қаласы. Абай атындағы ҚазҰПУ*
*Арнайы мақсаттағы шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы*

# ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РӨЛІ

**Резюме**

В данной статье рассмотрена рольмежкультурной коммуникации в иноязычном образовании. Политические, экономические и культурные связи с другими странами свидетельствует о важности изучения иностранного языка и определяет его основные цели.В условиях глобализации необходимо не только знание иностранных языков, но и культурных особенностей представителей той или иной страны. Сегодня возникла реальная потребность в специалистах, владеющих иностранным языком, способных к осуществлению иноязычного межкультурного и межличностного общения как в профессиональной, так и непрофессиональной сферах деятельности.

**Ключевые слова:**Межкультурная коммуникация, интерпретация, категоризация, аккомодация, параметры культуры, характерные стереотипы, дискурс, коммуникант, речевое общение, лингвистические исследование.

**Summary**

This article considers the role of intercultural communication in foreign language education. Political, economic and cultural ties with other countries shows the importance of learning a foreign language and defines its main objectives. In the context of globalization requires not only language skills but also cultural characteristics of the representatives of this or that country. Today there is a real need for specialists who speak foreign languages, are able to implement foreign language intercultural and interpersonal communication in professional and non-professional fields.

**Keywords:** Intercultural communication, interpretation, categorization, accommodation, culture parameters, typical stereotypes, discourse, communicant, communication, linguistic studies.

Бүгінгі таңда шетел тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі- мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, шетел тілін сол тілде сөйлеуші ұлттық тілдік және әлеуметтік – мәдени ерекшеліктеріне сай, дұрыс қолдана алатын, білімді де мәдениетті мамандар даярлау болып табылады.Жаһандануға түбегейлі бет бұрған бүгінгі қоғамда әлемдік аренадағы өзара экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік қатынастармен қатар ұлтаралық, мәдениетаралық қатынастар да аясын кеңейтіп, нығаюда. Осы бір әлемдік үдерістен кеш қалғысы келмегендер бүгінде ел игілігіне еңбек ету мақсатында шегара асып білім алып,





деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу:
- Ақпараттық – коммуникативтік технологиямен жұмыс істеу – компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. «Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің мұғалім үшін тиімділігі неде?» деген сұраққа тоқталатын болсам:
- Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды. Ақпараттық технологияларды пайдалану барысында оқушылардың ақпараттық құзіреттілігі қалыптасады, қазіргі заман талабына сай интернет ресурстарды пайдаланады және білім беру үрдісінде оқушының шығармашылық қабілетінің дамытуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі ретінде қарауға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы. Бүгінгі таңдағы білім беру ісінің басты шарттарының бірі оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына мүмкіндік беру, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуін есепке алу. Педагогтар өз сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мынадай артықшылықтарды көре алады:

1. Тақырып шеңберіндегі айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады, яғни уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік алады;
2. Оқушылардың интернет арқылы өз бетінше ізденіп жұмыс жасауларына мүмкіндік жасалады;
3. Оқушы өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызылады;
4. Сабақта өтілетін тақырыпқа байланысты киноларды, слайдттарды, суреттерді, кестелерді пайдалана отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады т.б.
5. Электронды оқулықтарды пайдалану арқылы сабаққа жаңашылдық енгізеді.

Жоғарыда аталғандармен бірге білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі – компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық

арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамытуды білім берудің бір бөлігі ретінде қарауға болады. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану қарқынды дамуда. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ, олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде болып табылады.

**Жолбарысова Жадыра Суюбековна**
*Ж.Жапаров атындағы орта мектеп*
*мектепке дейінгі шағын орталығының*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Кызылжар ауылы*

# ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ

Білім беру саласында қол жеткізілген бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертуде «диалогтік оқыту» маңызды рөл атқарады.

Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады. Диалогтік оқытуда оқушылар бір – бірімен қарым – қатынас жасай отырып, жүргізілген жұмыс балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер етеді. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқыту жеңіл болмақ.

Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім алу диалог беріледі де, оқушылардың сыныптық жұмыстағы өзара байланыс пен келіспеушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады. Мұғаліммен және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін





эмоциялық көзқарас (әуестік), содан кейін мазмұнды эмоциялық көзқарас (әуестену) соңында танымдық қызығушылық пайда болады.

Өзін-өзі тану пәнін білуге – қызығушылықтың алғашқы сатысы, яғни оқушы өзін- өзі тану пәніне жағымды көзқараста болады. Бұл сатыда бала өзін-өзі тану пәнін танып-білуде белсенділік көрсетпейді, өзін-өзі тану пәні ұнағанымен, өздігімен дербес оқып білуге талпынбайды. Әйтсе де бұл сатыда бала өзін-өзі тану танымдық тұрғыда назар аударғанымен, қызығушылық танытудың өзі оны әрі қарай дамытуға мүмкіндік бар екендігін меңзейді. Демек, білуге әуестік оқушы санасы мен іс-әрекетінің бастапқы бағытталу сатысы болады.

Оқушының өзін-өзі тану пәнін білуге әуестіктен біртіндеп онымен әуестенуге көшуі- қызығушылықтың екінші сатысы. Бұл сатыда оқушының өзін-өзі тану пәніне деген қызығушылығы ойлау, қабылдау, есте сақтау, қиялдау, сияқты әр түрлі психологиялық үдерістермен айқындалады. Қызығушылық балалардың танымдық іс-әрекетін белсендендіреді, өзін-өзі тану пәнін талдауға, әңгімелеуге, салыстырмалы суреттеме беруге дағдыландырады. Баланың да білуге деген құштарлығын арттырады. Алайда жұмыстың бәрі мұғалімнің тікелей жетекшілігінде жүзеге асады. Бұл сатыда қызығушылықты қалыптастырудың терең де, мағыналы негізінің қалауына мүмкіндік туады. Сөйтіп, баланың өзін-өзі тану пәніне әуестенуі танымдық қызығушылыққа ауысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақыстан халқына арналған «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақыстанның жаңа мүмкіндіктері» (2010) атты Жлдауы.- www.e.gov.kz сайты.
2. Қазақыстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Негізгі ережелер.-Астана,2006.-63 б.
3. Қазақыстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Жоба // Егемен Қазақыстан, 30 желтоқсан. 2003
4. Қазақыстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Қазақыстан Республикасының Презид
5. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. Избр. Психологические труды.-М.: Воронеж, 1995.-352 с.
6. Выготский Л.С.Педагогическая психология /под. Ред В.В. Давыдова.-М.: Педагогика, 1991.-480с

әуестенуінен байқалады. Болмыстың қандай да бір саласын терең меңгеру үшін, оған танымдық қызығушылықты көрсету қажет. Танымдық қызығушылық категориясы бірқатар психологиялық-педагогикалық еңбектерінде қарастырылған (Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Г.И.Щукина және т.б.) [5];. Мәселен, қызығушылықты қалыптастыруда Н.К.Крупская қоршаған ортаны және балаға жақсы танымал деректер мен құбылыстарды, білімді меңгеруде зерделі көз қарасқа тәрбиелейтін мақсатты сананы тірек ету қажеттігіне тоқталады . С.Т.Шацкий қызығушылықтың психологиялық негізіне белсенді іс-әрекетке деген қажеттілікті жатқызады. Бұл қажеттіліктен көзқарастар, ой-пікірлер, дағды, іс-әрекеттер, қызығушылық туындайды. Балаларды баурап алатын құбылыстар ақыл-ойға, эмоцияға, күш-қуатқа нәр береді, ал бұл болса олардың іс-әрекетінде көрініс табады. С.Т.Щацкийдің қызығушылықты іс-әрекетке тәуелді етіп көрсетуі қызығушылық теориясына қосқан елеулі үлесінің бірі болды, алайда іс-әрекеттің рөлін және баланың оқу барысындағы өзіндік тәжірибесін әсерлеп көрсету күнделікті меңгерілетін білімнің рөлін жете бағаламаушылыққа әкеледі.

Баланың жалпы дамуы мен ойлау әрекетінің сапасын жақсартып, дамытуда қызығушылықтың маңызын Л.С.Выготский да ашып көрсетеді. Ол баланың ойлау қабілетін белсендендіретін және оған қажетті бағдар беретін, қажеттілігі мен қызығушылығын оятатын қорғашы себептерге (мотив) тоқталады[6]. Ғылымның пайымдауынша, бала қабілетінің дамуы оның алға тез жылжуымен шектелмейді, ол оның жас мүмкіндігіне сәйкес келетін іс-әрекет түрлерін терең меңгере алуына, білім қорына және алған әсерлеріне байланыстты болады. Баланы қоршаған ортадағының бәрі қызықтырады, ол бойындағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, қолынан келетін іс-әрекет түрлеріне белсене араласады, өзінің әрі қарай дамуына жол ашады. Сөйтіп, қоршаған орта және іс-әрекет түрлерімен белсенділікпен жан-жақты танысу тек қана дамыған қызығушылықтың негізінде ғана мүмкін болады.Егер психологтар мен педагогтардың пікірлеріне сүйенсек, қызығушылық баланың ой-өрісінің кеңейіп, тәжірибесінің молаюына әсер етеді, білімнің жетіліп, ақылының толасуына мүмкіндік туғызады.

Зерттеулерге сүйенсек, танымдық қызығушылық білім алу қалыптасады. Білім алу- бұл, бір сөзбен айтқанда, балалардың оқыған пәндері туралы түсініктері. Дегенмен, оқушының барлық пәнге бірдей қызығушылық танытуы сирек кездесетін жайт. Ол көбінесе бір салаға немесе әр пәнге бағытталуы мүмкін. Осыған сәйкес, қызығушылық ұғымын бала бойында көрініс беруіне қарай былайша сипаттауға болады: қызығушылық танымдық қызығушылық бір пәнге (бір нәрсеге) қызығушылық. Демек, оқушылардың қандай да бір нәрсеге немесе бір пәнге қызығушылығы да сатылап қалыптасады, мұны жоғарыда аталған зерттеулер нәтижесі дәлелдейді. Егер зерттеу проблемасымен байланыстыра әңгімелесек, оқушыда алдымен өзін-өзі тану пәніне жағымды





дамытатын маңызды құрал. Оқушыларға сыныпта әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізілген және кеңейтілген диалогтарға қатысуға мүмкіндік берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер олардың тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың жаңа тәсілдерін тәжірибесінен өткізуіне жол ашады.

Диалогтік оқыту – қарым – қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс. Диалог барысында оқушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш- жігерін жұмсайтын, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестіктер болып табылады. Пікір алмасу – оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады.

Зерттеуші- Мерсер сыныпта талқылау кезінде дәйектеудің үш түрін анықтады:

**- Әңгіме – дебат**, оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды;

– **Кумулятивтік әңгіме**, мұнда оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды және сындарлылыққа негізделеді;

**- Зерттеушілік әңгіме**, ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сын тұрғысынан ойлау арқылы жалғасады.

Зерттеу жұмыстарын талдау барысында оқушылардың білім алуы, тыңдауы және сөйлеуі арасындағы байланыс анықталады. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырылады. Басқаша айтқанда оқушылар бірге ойланады. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді.

Осындай сценарий бойынша оқушылар бір – бірін тыңдап, өз жауаптарын талдайды. Бұлай жұмыс істеген оқушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып шығады. Балалар зерттеушілік әңгіме жүргізе алатын ортада – оқу жетіле бермек. Оқушылар бұндай ортада жұмыс істегенде әңгімелеріне қарай олардың ой – пайымдары да айқындала түседі, әрі мұғалімдері мен құрдастарының көмегімен одан әрі дамытылуы мүмкін. Соған қарамастан, бұндай әңгіме жүргізу дағдылары оқушыларға жайдан- жай келе салмайды, балалар бірлескен әңгіменің мәнін ұғынып, қабылдауы үшін мұғалімдергеоларды бағыттап отыру керек болады.

Сұрақ қою – маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі: сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер сұрақтың екі түрін: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды кең қолданады.Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп бағаланады. Ал, жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Тиімді педагогика аясында бұл сұрақтардың екеуі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Оның үстіне, сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Түрлі мүмкіндіктерге және түрлі оқушыларға қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және басқаға бағыттау сияқты әртүрлі тәсілдерін пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге , өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Басқаға бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «көмектесе алатындар бар ма?»

Оқытудың диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- Оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- Оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- Білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына көмектеседі;
- Оқушылардың бір-бірінен үйренуіне , басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- Әңгіме және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс- әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- Оқытуды қиындатып, кедергі келтіретін қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Сабақта жұптық жұмыс, топтық жұмыс, жеке жұмыс түрлерін қолданамын. Оқушылар күнделікті сабақта мәтінмен жұмыс жасайды. Мәтінді аз уақыт ішінде диалог арқылы меңгертуге болады. Ол үшін мәтін топ санына қарай бөліктерге бөлінеді. Әр топ өз бөлігін меңгеріп, топтың бір мүшесі келесі





Ә.М.Мұханбетжанов, Р.С.Омаров, А.С.Мустояпова, Т.И.Қоқымбаева, т.б.өз зерттеулерінде таналым жөніндегі идеяларын, уақытқа үйлесімді танамдық қызығушылығын қалыптастыру, өзбетімен білім алуы дағдылардың қалыптастырудың тиімді негіздерін зерттеген.

Қазіргі кезде еліміздің экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайына сай, қоғам өмірінің барлық салаларында өзін-өзі жетілдіріп, өзін жан-жақты дамытатын, білімді, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында ғылым мен практика жетістіктерін жеке адамды дамытуға, шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін, интеллектін дамытуға бағыттау міндеттері көзделген. Демек, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде оқыту үдерісін жетілдіру, оқушылардың ізденімпаздығын, дербестігі мен шығармашылығын дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстан мектептерінің түлектері өзгермелі өмірдің жаңа тұжырымдамалары мен үрдістерін қабылдауға дайын болуы, саналы таңдау жасауға, сондай-ақ өзінің бүкіл өмірі бойында өзгермелі жағдайларға икемді болуға үйрену және бейімделе білуі тиіс.

Соған байланысты қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Себебі, оқыту үдерісін жетілдірмей, қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын жеке тұлғаға білім беру мүмкін емес.

Білім беру – адамның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін ұрпақ тәрбиелеу және оқыту үдерісі болып табылады, ол білім беру ісін жетілдіруге, сақтауға және оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуын қамтамасыз ету мақсатында мәдениетті жаңа ұрпақ тәрбиелеуге, тұлға мен қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық және физикалық жағдайын үнемі жетілдіріп отыруға бағдарлануы тиіс. Танымдық қызығушылық оқу-тәрбие үдерісі барлық саласында көрініс табады.Қазіргі тәрбиелеп оқытудың ең көкейкесті проблемалары танымдық қызығушылық мәселелерін қарастырады. Оқу үдерісін белсендіру жолдары оқушылардың қызығушылығын дамытуды ұсынады, оқытудың белсенді әдістері танымдық қызығушылықты дамытуды көздейді, сабақтың қай түрі болсын қызығушылықпен уәждемелеуге ( мотивация) бағытталады. Білімді демократияландыру мен ізгілендіру оқушы қызығушылығын негізгі орынға қояды.

Оқушы өмірінде қызығушылықтың әр түрі (эстетикалық, көркемдік, музикалық, т.б.) көрініс табады. Өскелең ұрпақ үшін танымдық қызығушылықтың маңызы өте жоғары. Нақтырақ айтсақ, қызығушылықтың қай түрінде болмасын (эстетикалық, музыкалық, т.б.) танымдық компонент бар. Әйтседе танымдық деп қызығушылықтың ерекше түрін- оқуға, ғылымға, білімді жинақтауға қызығушылықты айтады. Ол адамның әр нәрсеге

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінің әлемдік деңгейге жетуі үшін жасалынып жатқан талаптар нәтижесінде 12-жылдық білім беру жүйесіне көшуде терең білім , ізденімпаз, іс-әрекеті шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән береді. Ал, 12 жылдық жалпыға міндетті орта білім беру стандартындағы бастауыш сатысының негізгі мақсаты-оқушының даралығын ашу және оқу әрекетін игеру [2]. Демек, жас ұрпақты әрекет негізінде тәрбиелеу талабын негізге ала отырып, жекебас тұлғасын тәрбиелеуде оқу әрекетінің мол мүмкүндіктерін тиімді пайдалану жүйелі мақсатты жұмысты талап етеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке- ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады»- делінген [3].

Қазақстан Республикасының білім берудегі дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің мақсаты- қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тимді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі көрсетілген [4]. Оны жүзеге асыру-бастауыш мектептерде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруға септігін тигізетін оқу әрекетін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы – жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыруды қамтамасыз етудің қажетті шартының құралы, сонымен қатар оқу әрекетін игеру, оқушылардың даралығы, жалпы білімдік біліктілігі, дағдысы болып табылады.

Танымдық қызығушылық – жеке тұлғаның маңызды білімді меңгеру түрі, шығармашылық әрекеті мен белсенді ынталандырушысы болып саналады. Сонымен бірге, танымдық қызығушылық сезімнен ойлауға өтуге, өздігінен ізденуге үйретеді.

Оқушының интелектісі дамуының іргетасы оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі.Сондай- ақ, баланың жеке тұлғасы мен оның ағзасының одан әрі дамуын айқындайтын өте маңызды кезеңдердің бірі. Оқушылардың маңызды ерекшеліктері олардың айналадағы өміріне, адамдарға, оқиғаларға, деректерге қызығушылық танытуы болып келеді.

Оқытудағы танымдық қызығушылық мәселелерін Л.С. Выготский, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, М.Я.Гальперин, С.Л.Рубинштейн, Д.И.Божович, А.В.Петровский т.б. зерттеулерінде қарастырған.

Отандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Т.С.Сабыров, Н.Д.Хмель, М.Ә.Құдайқұлов, А.Е.Әбілқасымов, Қ.К.Жанпейісов, А.П.Сейтешов,





топқа барып өз түсінігін айтады. Осылай бір – біріне ауысуы арқылы мәтінді түгел меңгереді.

Сұрақ – жауап әдісі – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді. Сұрақ құрастыру, оған жауап іздеу – оқушы ойының дамуына, ізденіске түсуіне түрткі болады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың білетіндігін және білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым – қатынас ретінде тілдік дағдыларды қалыптастыру және оларға түсіністікпен қарау талап етіледі. Диалогтік сұхбаттасу- мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс – қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылады.

**Есетова Маржан Касымхановна**
*учитель русского языка и литературы.*
*СШ имени Ж.Жапарова с дошкольным мини центром*
*Алматинская область, Кербулакский район, село Кызылжар*

# ФУНКЦИОНАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ ОБЕСПЕЧИВАЕТ ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВЫХ ЗНАНИЙ

Важнейшей задачей современной казахстанской школы является развитие гуманистических тенденций образования, восстановление поликультурных функций языка. Языковое образование входит в систему гуманитарного образования, сутью которого является изучение человека в его отношении к миру. Отношение каждого человека к миру проявляется в его собственной речи.

Предмет «Русский язык» в школах закладывает фундамент общего филологического образования учащихся как целостной системы, изучающей духовную культуру народа, выраженную в языке и литературном творчестве.

Наряду с этим обучение русскому языку определяется национальной спецификой образовательного пространства Республики Казахстан. Необходимость интеграции нашего государства в мировое сообщество создаёт благоприятные условия для развития языковых процессов, служит основой для формирования межнационального и межкультурного общения как внутри республики, так и на межгосударственном уровне.

Всё большая открытость нашей страны, развитие и укрепление межгосударственных, политических, экономических и культурных связей, интернационализация всех сфер жизни способствуют тому, что многоязычие становится реально востребованным и актуальным в современном обществе.

Незнание языков приведёт к тому, что будущие поколения не смогут полноправно принимать участие в диалоге культур. Наряду с казахским языком, русский язык функционирует в нашей стране как официальный, употребляющийся в качестве языка межнационального общения между народами.

Соответственно, предполагается грамотное владение устным и письменным русским языком гражданами Республики Казахстан, осуществляющими деятельность в правовой, экономической, научной, общественной и других сферах на территории государства на должном уровне и в соответствии с требованиями к применению языка.

Функционально-коммуникативный подход к обучению обеспечивает формирование:

1) языковых знаний, умений и навыков;
2) речевых умений и навыков;
3) коммуникативных умений и навыков;
4) знаний о предметах речи;
5) этнокультуроведческих знаний;
6) страноведческих знаний.

При функционально-коммуникативном подходе к обучению русскому языку в основной школе особое место в учебном процессе занимает текст. Он помогает выполнять не только образовательные, но и воспитательные задачи. При формировании духовно-нравственных качеств личности художественный текст служит основой для упражнения в развитии связной речи. Основным методом в совершенствовании умения воспринимать текст является анализ текста.

К лингвистическому анализу текста мы обращаемся уже в 5 классе. В обычные уроки включаются фрагменты художественных произведений. Краткий анализ состояния преподавания русского языка показывает, что школа не вполне обеспечивает функциональную грамотность учащихся, их орфографическую и пунктуационную зоркость, навыки устной и письменной речи; теоретические сведения часто изучаются изолированно, поэтому не способствуют формированию практических умений.

Под функциональной грамотностью понимается способность учащегося свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста (понимания, сжатия, преобразования и т.д.) и в целях передачи такой информации в реальном общении.

Функциональная грамотность – это умение пользоваться различными видами чтения: изучающим, просмотровым, ознакомительным, переходить от одной системы приемов чтения и понимания текста к другой, адекватной данной цели чтения и понимания и данному виду текстов (гибкость чтения).

Расширение активного и пассивного словарного запаса учащихся, более полное овладение грамматическим строем родного и неродного языков, овладение системой стилистических и функциональных разновидностей речи применительно к активному и пассивному словарю. Овладение продуктивными





тическом понятии и его существенных особенностях, развитие способности замечать сходство и различие между ними и т.д. В этом смысле игра носит обучающий характер.

Литература

1. Коваленко, В.Г. Дидактические игры на уроках математики: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1990.
2. Перова М.Н. Дидактические игры и упражнения по математике. – М., 2011.
3. Час занимательной математики./ Под ред. Л.Я. Фальке. – М.: Илекса; Народное образование; Ставрополь: Сервисшкола, 2003.

**Ахметова Б.Б., Хасенова А.А.**
*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті,*
*Қазақстан Республикасы*

## БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі заманғы қоғамды ақпараттандыру процесінің ең басымды бағыттарының бірі – білім беруді ақпараттандыру, яғни білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологиялар құралын енгізу болып табылады. Бұл ғылыми-педагогикалық ақпараттардың, ақпараттық-әдістемелік материалдардың, сонымен қатар коммуникациялық жүйелердің автоматтандырылған деректер қорын қолдану негізінде білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіруге; қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында білім алушының жеке басының даму міндеттеріне сәйкес әдістер мен оқытуды ұйымдастыру түрлерін, мазмұнын сұрыптау әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіруге; білім алушының зиялы әлеуетін дамытуға, өз бетімен білім алу іскерлігін қалыптастыруға, ақпараттарды өңдеу бойынша ақпараттық-оқу, сараптау-зерттеу қызметі, өздік қызметтің әртүрлі формаларын іске асыруға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйелерін құруға; компьютерлік тестілейтін, анықтайтын, бақылайтын және бағалайтын жүйелерді құруға және қолдануға мүмкіндік береді.

Білімді ақпараттандыру студенттердің білім сапасын арттыруға және болашақ мамандардың кәсіптік білімділігін күшейтуге негізделген. Қазіргі кездегі компьютерлік технологияның даму деңгейі дәуірдің телекоммуникациялық мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсететін, толыққанды, сапалы және бәсекеге түсуге қабілетті білімді қамтамасыз ететін нақты алғы шарттары болып табылады, оның көпшілік бұқараға барынша кеңінен таралуы «өмір бойы білім алу» ұстанымынан «білім барлығымыз үшін ғұмыр бойына үзілмейтін» ұстанымына нақты ауысады. Осы мүмкіндіктерді





При сохранении конечной цели и основного содержания образовательного процесса интерактивное обучение (от лат. т!ег «между» и ас1ю «действие») использует диалоговые формы процесса познания, которые заменяют привычные монологические, сложившиеся в годы субъект-субъектного речевого общения в педагогическом процессе, или транслирующие, передаточные. Под интерактивностью понимается не просто процесс взаимного воздействия участников учебного процесса друг на друга, а специально организованная познавательная деятельность, носящая ярко выраженную социальную направленность.

Требования времени обуславливают введение инноваций в образовательный процесс, которые выражаются, в первую очередь, введением интерактивных форм обучения. Происходит смена парадигмы «образование – обучение» на парадигму «образование – становление». А механизмом ее реализации является принцип: «образование в течение всей жизни».

**Интерактивное обучение** – это специальная форма организации познавательной деятельности. Она подразумевает вполне *конкретные и прогнозируемые цели*. Одна из таких целей состоит в создании комфортных условий обучения, при которых обучаемый чувствует свою интеллектуальную состоятельность. Это делает процесс обучения продуктивным.

Интерактивное обучение представляет собой такую организацию учебного процесса, при которой практически все учащиеся оказываются вовлечёнными в процесс познания. Слово «интерактив» произошло от английского слова «interact» (inter – взаимный, act – действовать).

**Интерактивные технологии в сочетании с проблемностью имеют особую ценность в преподавании русского языка и литературы.**

Принципы интерактивных форм и методов обучения:

Урок – не просто занятие, а общая работа.

- Все ученики равны независимо от физиологических особенностей, социального статуса, навыка.
- Каждый ученик имеет право на собственное мнение по любому вопросу.
- Нет места прямой критике личности учащегося (подвергнуться критике может только идея).
- Все сказанное на уроке – не руководство к действию, а информация к размышлению.

Другими словами интерактивная методика обучения – это специальная форма организации познавательной деятельности, в которой обучающиеся оказываются вовлеченными в процесс познания, они имеют возможность понимать и рефлектировать по поводу того, что они знают и думают. Следует обратить внимание на то, что в ходе подготовки урока на основе интерактивных форм обучения перед учителем стоит вопрос не только в выборе наиболее эффективной и подходящей формы обучения для изучения конкретной темы, а открывается возможность сочетать несколько методов обучения для решения проблемы, что, несомненно, способствует лучшему осмыслению учащихся.

В заключение хочу сказать, что интерактивное обучение формирует способность мыслить неординарно, по-своему видеть проблемную ситуацию, выход из нее; обосновывать свои позиции, свои жизненные ценности; развивает такие черты, как умение выслушивать иную точку зрения, умение сотрудничать, вступать в партнерское общение, проявляя при этом толерантность по отношению к своим оппонентам, необходимый такт, доброжелательность к участникам процесса совместного нахождения путей взаимопонимания, поиска истины.

**Аға оқытушы Ахметова Ж.О.**
*Шымкент қаласы, Қазақстан*
*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты*

## МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКАНЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптық сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де пайда болуда. Олар көбінесе оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсат – әрбір сабақтың оқу – тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру. Бүгінде оқыту жұмысын осылай ұйымдастыру мен әдістің жаңалығы басқа ұстаздардың жаңа жағдайға байланысты оқу-тәрбие процесін шығармашылықпен пайдаланудың негізгі өлшеміне айналуда.

Мектептегі оқытуды ұйымдастыру формалары педагогика тарихында ең пікір таласты проблема болып келеді. С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «форма – белгілі бір мазмұнымен шарттасатын түр, ұйымдастыру, құру, тип, құрылым, түзіліс» деп пайымдалса, философиялық энциклопедияда бұл термин «мазмұнның іштей ұйымдастырылуы» – деп айтылған. Осыдан кейін оқытуға келсек, форма – ол оқыту процесінің арнайы түзілімі. Бұл түзілім оқу процесінің мазмұнына, әдістеріне, тәсілдері мен құралдарына, оқушылардың іс-әрекет етуіне байланысты сипат алады. Яки оқытудың осындай түзілімі оқу материалын меңгеру барысындағы мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуінде көрінеді. Олай болса, оқыту формасы деп – белгілі бір оқу материалын және іс-әрекет ету амалдарын меңгеруде мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуінде жүзеге асырылатын оқыту процесі бөліктерінің түзілімі мен циклдарын айтамыз

Оқытуды ұйымдастыру формалары дидактика саласында түрлі өлшемдерге байланысты былайша жүйеге келтірілген:





тематики с использованием игровых элементов является важным игровой замысел урока, уместность игры в структуре данного урока, адекватность возрасту и уровню развития учащихся.

До недавнего времени игру использовали лишь при организации внеклассных мероприятий по предмету. Между тем, потенциал игровых форм позволяет выявить индивидуальные особенности и возможности каждого ученика, умение работать в группе, желание помочь ради командного результата и оценивания.

Учителя-консерваторы редко используют игровые элементы в учебном процессе, считая, что это препятствует рабочему ритму урока, деловой атмосфере учебного процесса. В этом есть некая доля истины, так как игровые формы раскрепощают учеников, эмоционально «разгружают» и потому игровой урок желательно проводить не более одного-двух раз в месяц.

Актуальность применения игровых технологий на уроках математики я вижу в том, что:

- игровые формы обучения на уроках создают возможности эффективной организации взаимодействия педагога и учащихся, продуктивной формы их общения с присущими им элементами соревнования, непосредственности, неподдельного интереса;
- в игре заложены огромные воспитательные и образовательные возможности;
- в процессе игр дети приобретают самые различные знания о предметах и явлениях окружающего мира;
- игра развивает детскую наблюдательность и способность определять свойства предметов, выявлять их существенные признаки;
- игры очень хорошо уживаются с «серьезным» учением;
- включение в урок игр и игровых моментов делает процесс обучения интересным и занимательным, создает у детей бодрое рабочее настроение, облегчает преодоление трудностей в усвоении учебного материала;
- разнообразные игровые действия, при помощи которых решается та или иная умственная задача, поддерживают и усиливают интерес детей к учебному предмету.
- игры оказывают большое влияние на умственное развитие детей, совершенствуя их мышление, внимание, творческое воображение.

Известный французский ученый Луи де Бройль утверждал, что все игры (даже самые простые) имеют много общих элементов с работой ученого. В игре привлекает поставленная задача и трудность, которую можно преодолеть, а затем радость открытия и ощущение преодоленного препятствия. Именно поэтому всех людей, независимо от возраста, привлекает игра.

Назначение игр на уроках математики – развитие познавательных процессов у школьников (восприятия, внимания, памяти, наблюдательности, сообразительности и др.) и закрепление знаний, приобретаемых на уроках. Характерным для каждой игры является, с одной стороны, решение различных дидактических задач: уточнение представлений о числе или в целом о матема-

В качестве действенного мотивирующего средства, самого эффективного способа активизации познавательной деятельности на уроке математики признана игра, математическая игра. Математические игры способствует возникновению познавательного интереса к предмету, создает творческую атмосферу на уроке. Математические игры требуют самостоятельности ученика, его эмоциональной насыщенности, поэтому их использование на уроках заряжает учащихся положительными эмоциями, способствуя повышению активности.

Как показала практика преподавания, математические игры отличаются эмоциональностью, вызывают у учащихся положительное отношение к математике в целом. Использование игровых методов на уроке математики способствует активизации учебной деятельности учащихся, они обостряют интеллектуальные процессы а, главное, способствуют формированию познавательного интереса к предмету.

Между тем, следует заметить, что математическая игра как форма работы на уроках применяется довольно-таки редко, что связано с трудоемкостью организации, подготовки и проведения урока в форме игры. К тому же, игровой урок, как именуют его учителя-практики, можно применять один раз в месяц в силу психологической загруженности такого урока. Чрезмерная эмоциональная перегруженность утомляет детей, «притупляя» природную любознательность.

Преимуществами применения игры на уроке математики являются условия, способствующие тому, что у детей вырабатывается умение сосредотачиваться, самостоятельность мышления, развитию внимания, формируется стремление к знаниям.

Парадокс игровых форм в том, что играя дети обучаются: увлеченность игрой лишает детей понимания того, что они учатся: познавая, запоминают новое, пополняя запас представлений, понятий, развивают речь, память, мышление, фантазию.

Отличительными особенностями игровой формы обучения является и то, что даже самые пассивные учащиеся включаются в игру с огромным желанием. Игровые формы обучения математике способствуют решению воспитательных задач, так как формируют коллективизм, умение работать в команде, ответственность, так как каждый ученик старается не подвести команду. Понимание учителем того факта, что игра это незаменимый рычаг умственного развития ребенка, обеспечивает целесообразность, уместность и ее практическую значимость в процессе обучения математике.

Привлекательность игровых форм и методов обучения такому непростому учебному предмету заключается в непринужденности обстановки, ее привычности и созвучности психологии ребенка практически любого возраста. Педагоги-практики используют известный лозунг «играя обучать, обучая играть», совмещая интерес и удовольствие – такие важные психологические показатели игры.

Поэтому зачастую то, что на уроке казалось невероятно трудным, порой недостижимым, в игровой форме легко усваивается. В организации урока ма-





1.Оқушылардың саны;

2.Оқу орны;

3.Оқыту дәрістерінің ұзақтығы.

Оқушылардың санына байланысты көпшілік, ұжымдық, топтық, микротоптық, жеке оқыту формалары; оқыту орны бойынша мектептегі (сабақта, шеберханада, тәжірибелік учаскеде, лабораторияларда және т.б.), мектептен тыс (экскурсиялар, мекемелердегі сабақтар, үйдегі өздік жұмыстар және т.б.); ұзақтығына байланысты классикалық сабақ (45 минут), қосарлы сабақ (90 минут); қысқартылған қосарлы сабақ (70 минут) және бастауыш сыныптарда қолданылатын «қоңыраусыз» еркін созылатын сабақтар болып бөлінеді [1].

Педагогика ғылымы мен практикасында уақыт талаптарына сәйкес сабақты өткізудің түрлі жолдары қарастырылып, оны жетілдіруде көптеген ізденістер жүзеге асырылды. Сабақты ұйымдастыруда оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, ақыл-ойын дамыту, шығармашылықты өздік ізденіске баулу және т.б. проблемалар бойынша ғылыми ізденістер жүргізіліп жатыр екен. Әрбір тарихи кезеңде қоғам дамуының ерекшеліктері оқытуды ұйымдастыру ісінде өз таңбасын қалдырып отырады екен. Сол сияқты музыка сабақтарында белгілі бір оқу міндеттерін шешуге байланысты әр қилы ұсыныстар мен тәжірибелер қолданысқа енгізіліп отырады. Мәселен, Д.Б.Кабалевскийдің бағдарламасы пайда болғанға дейін музыка сабағы негізгі үш бөліктен: ән салу, музыка тыңдау, музыка сауатынан құрастырылатын.

Музыка сабағының құрылымын жетілдіруге Н.Я.Брюсова және В.Н.Шацкая өз үлестерін қосты. Олар хормен ән салу, музыка тындау, музыкалык сауат ашу сияқты музыкалық іс-әрекеттердің сабақ мазмұнында сақталуын қарастырды.

Әрине ән-күй сабақтарын ұйымдастыру жөніндегі теориялық көзқарастардың мәні зор болды. Осы көзқарастар музыка пәнінің жаңа бағдарламасында қарастырылған ән-күй пәнінің тұтастығы мен оның үш басты іс-әрекеттерге (музыка тыңдау, хормен ән салу, музыкалық сауат ашу) бөлініп ұйымдастырылуы арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңуге жол сілтеді.

Сонымен, музыка сабақтары мектептегі өзге пәндермен ортақ белгілерін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерін сақтауы тиіс болды. Осындай ерекшелік, біріншіден, оқу материалы; екіншіден, оқушының танымдық, сондай-ақ жалпы және арнайы қабілеттерінің дамуы; үшіншіден, оқыту әдістері; төртіншіден, қолданылатын техникалық құралдар; бесіншіден, музыка пәні мұғалімінің тұлғалық, кәсіптік мүмкіндіктері арқылы көрініс табады [2].

Музыка сабағы – музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы болды. Оның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға арқау болады. Басқа да оқу пәндері сияқты музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық-педагогикалық даярлығын, оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін білуді,

музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын біліп қана қоймай, оның жаңа үлгілерін іздестіруді, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі байытып отыруын талап етеді.

Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуге даярлығы басты екі кезеңнен, яки оқу пәнін жүргізудегі жалпы және әрбір жеке сабақты өткізуге даярлығынан болады.

Жалпы даярлық кезінде мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық даму деңгейлерін зерттейді. Келесі ретте музыка пәнінің оқу бағдарламасының, оқу материалының мазмұнын, пәннің білімділік, тәлім-тәрбиелік маңызын анықтайды. Соның негізінде бағдарламадағы оқу материалдарымен жұмыстарды жарты жылдықтарға топтастырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрады. Ондай жоспарды құруда міндетті түрде оқу процесін ұйымдастыру формалары (экскурсия, семинарлар, практикалық сабақтар және т.б.) және білім, іскерлік, дағды қалыптастыру немесе бақылау, түзету жалпылау сияқты сабақ түрлері алдын ала ескеріледі. Сондай-ақ оқу-техникалық базасының (оқу кабинеті, кернекіліктер, көру-есту құралдары, музыкалық аспаптар және т.б.) жағдайы да есепке алынады.

Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабаққа даярлығы да едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқы кезеңінде оқу материалының мазмұны ойластырылады. Әрине, мұғалім тек бағдарламада қарастырылған оқу материалымен шектелмей, оқулықтарда, көмекші құралдарда берілген дидактикалық материалдарды мейлінше терең меңгеруі тиіс және оқушылардың музыкалық тәлім-тәрбиесін жетілдірудің тиімді жолдарын таба білуі керек.

Музыка сабақтарын жүргізу үшін типтік бағдарлама негізінде құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарда бірізділікпен жоспарланған тақырыптардың білімділік, тәрбиелік мақсаттары, кысқаша мазмұны, сабақтың түрі, әдістері, қолданылатын көрнекіліктері, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары, білім жетістіктерін бақылау және тексеру формасы, әр тақырыптың өтілетін мерзімі болып табылады.

Музыка пәні мұғалімі сабақты жоспарламас бұрын, ең алдымен оқушылар белгілі бір тақырыпты зерттеу барысында, яки есте сақтау, білу (ережелер, уақиғалар, музыкалық материалдың мазмұны және т.б.), оқу дағдылары (музыкалық шығармаларды орындау, тыңдау, музыка сауаты және т.б.) және алған білімдерін түрлі ситуацияларда қолдану сияқты нәтижелерге қол жеткізуі керектігін нақтылап белгілеп алғаны жөн. Жеке сабақтарды ұйымдастыру күнтізбелік-тақырыптық жоспардың негізінде жүзеге асырылады. Тақырыпқа байланысты сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттары анықталады, сабақтың типі және құрылымы ойластырылады. Сабақ жоспары мұғалімінің сабақты ұйымдастыруына, жүргізуіне көмектеседі. Әсіресе, қызметін жаңа бастаған оқытушылар сабақтың мазмұны, оқыту әдіс-тәсілдері





кетпейтіні өсиет. Ұрпақты тәрбиелеуде кездесетін қиындықтардың алдын алып жас ұрпақтың бойына адамгершілік, инабаттылықты бойына сіңірген жөн.

Осындай кез келген жан елдің елдігін сақтап, көсегесін көгертетін ұлтжанды, жігерлі, білімді ұрпақ болатыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, тәрбие берудің негізі – мейірім сүйіспеншілікте, әсіресе кішкене балалар үшін мейірім мен сүйіспеншіліктің орны ерекше. Олар тек сүйіспеншілік махаббатпен ғана өсіп жетіледі, сонымен қатар, сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі негізгі қағида екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер:
1. Жарықбаев Қ. Б. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Мектеп, 1980.
2. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995.

**Аскерова Саният Алимурадовна,**
*учитель математики,*
*Чеченская Республика*

# ИГРЫ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

**АННОТАЦИЯ**

Актуальность данной проблемы бесспорна, так как проблема повышения мотивации обучения продолжает оставаться одной из самых сложных задач дидактики. Появление инноваций во многом является ответом на поиски способов активизации познавательной деятельности учащихся. Педагоги-новаторы предлагают применять в практике обучения один из самых понятных каждому ребенку вид деятельности – игру в качестве средства повышения эффективности обучения.

**КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА**

игра, урок, математика

Познавательный процесс становится продуктивным при наличии у ребенка интереса. Это аксиома. Как известно, знания, полученные без интереса, сохраняются ненадолго и не становятся полезными. Поэтому одной из важнейших и сложнейших задач современной дидактики продолжает оставаться проблема формирования интереса к процессу учения.

Традиционный урок (практически все типы), в особенности, комбинированный урок, очень быстро вызывает скуку у детей в силу своего однообразия. Во избежание этого, творчески мыслящий учитель, таким образом чередует виды деятельности на своих уроках, чтобы избежать однотипности.

Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерін сіңіре білсек сонда ғана біз ұлттық рухымыз дамыған отанымыздың гүлденуіне өз үлесін қоса алар азамат өсіре аламыз.

Қазіргі қоғамдағы мектептің мақсаты – жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға өз ойын еркін жеткізе білуге, өз қалаулары мен қоғам талабына сай өзін көрсете білетін, жоғары білімді ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, өркениетті, бәсекеге қабілетті, адамгершілік, әлеуметтік белсенді, өзін дамытуға қабілетті, шығармашыл, креативті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр.

Қазағымыздың ұлттық мәдени құндылықтарын қастерлей отырып, имандылық адами қасиеттерін құрмет тұтатын, ұлт тәрбиелей отырып жер иесін тәрбиелейміз.

Ал «қызды тәрбиелей отырып ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздердегідей өз жеріміз бен ұлтымыздың болашақ иелерін тәрбиелейік.

Отбасы ошақтың үш тағаны сияқты олар – әке, ана, бала. Үшеуінің бірлігі отбасының бірлігі. Қоғамдағы әр шаңырақтың босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекетіміз мықты болуы мүмкін емес. Бала ата-ананың игі істерін жалғастырушысы, болашағы. Атамыз қазақ «бала – адамның бауыр еті, балалы үй базар» дейді. Өйткені бала өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі.

Отбасы бұл қоғамның негізі. Әке мен шеше ата мен әже, аға мен әпке біз жақсы көретін ең жақын, жақсы адамдар. Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.

Әкеден ақыл – анадан мейір. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар дейді халық. Осындай ынтымағы, бір тілегі бір отбасында өмір сүріп жатқан біз бақыттымыз. Мектеп пен отбасы ынтымақтаста болса тәрбиенің қандай болсын алынбайтын қамалы болмайды.

Жеңуге болады, әкенің даналығымен ананың көрегенділігімен тәрбиені отбасынан бастаса «қиын оқушы» да азаюмен қатар, болмайды.

Тәрбие – бұл баланың дене және ақыл ой қабілетін дамытады, оны алдағы еңбекке даярлайды. Ұлтымызда «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөзі бар. Балапан қыран болу үшін оны самғатып, ұшыратын ата-анасы да қыран болуы керек деп айтқым келеді.

Халқымыздың даналығында «Ұстазсыз шәкірт тұл, шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей, адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты екенін ерекше баса айтады. Ұстаз әмбебап білімдер салауатты, салтанатты маман иесі. Ұлағатты ұстаз ең алдымен шәкіртіне өмірді, білімді үйретуші.

Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қолында. Ал ұстаз мұраты – жетілген жан-жақты әдепті, иманды, толыққанды ұлтжанды азамат тәрбиелеу. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қонар» деп ұлағатты ұстаздың еңбегінің текке





нақтылы белгіленген конспекті дайындағаны дұрыс. Ал бірінші тәжірибе жннақталғаннан кейін сабақ жоспарын өте-мөте мәнді қағидалар ғана көрсетілген қысқаша ғана тезис түрінде дайындауға болады. Қандай сабақ жоспары болмасын, оларда сабақтың өтілуі мерзімі, міндеттері, қолданылытын қосымша жабдықтар көрсетіледі. Бұдан әрі сабақтың барысында оның кезеңдері, оқушының оқу мотивтері, әдіс-тәсілдері, мазмұны мен формалары, туындайтын сұрақтар мен жауаптар, тапсырмалар, тексеру мен түзетулер, үй тапсырмаларының мазмұны, оған берілетін нұсқаулар қарастырылады.

Оқытудың нәтижелерін бақылау мен тексеру оқыту процесінің міндетті компоненттерінің бірінен саналады. Оның мәні пән бойынша оқушылардың меңгерген білім деңгейлерінің білім стандартына сәйкес құрылған бағдарламалық талаптарға сай болуын анықтау болып табылады. Дидактика саласында оқу жетістіктерін бақылау, баға берудің дәстүрлі түрлері: алдын ала бақылау; ағымдағы бақылау; қорытынды бақылау. Кейінгі кезде оқыту процесінде осы жұмысты тиімділікпен жүзеге асыруда «педагогикалық диагностика» термині жиі қолданылып жүр.

1.Алдын ала тексеріс (бағалау): мұғалімнің сабақты өткізуге дайындалған жоспары, материалдары қаралады және түсіндірудің, бекітудің, оқушылардың өздік жұмыстарының тәсілдері, әдісі, формалары жөнінде әңгімелесу жүргізіледі.

2.Ағымдағы тексеріс: сабақтардың жүргізілу барысы тікелей бақыланады, оқушылардың білімі, дағдыларының денгейі, оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау сапасы тексеріледі. Бұндай тексерудің барысында оқушылардың ұжымдық, топпен бірге және жеке орындайтын музыкалық іс-әрекеттері есепке алынады.

3.Қорытынды тексеріс: жарты жылдықта немесе оқу жылының аяғында оқушыларға білім мен тәрбие беру жұмыстарының нәтижелері сарапталады. Оларды сабақ-концерт түрінде өткізуге болады. Себебі музыка сабағында музыкалық іс-әрекеттер негізінен ұжымдық түрде жүзеге асырылағындықтан, тексеруді де ұжымдық формада ұйымдастыру мүмкіндіктері бар [3].

Бұдан басқа тексерудің жеке немесе фронтальды сұрақ-жауап түріндегі формасы пайдаланылады. Сонымен қатар музыкалық іс-әрекеттердің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың білімін музыкалық шығарма орындау процесіне бақылау жүргізу арқылы қорытындылауға болады. Сондай-ақ, өнер пәні ретінде музыка сабағының ең маңызды қызметі оқушылардың белсенділігін қолдау, ынталандыру екендігін есте ұстаған жөн. Осыған орай баға беруде көңіл қалдырарлық тым қатал ескертулер жасамай, керісінше, олардың музыка өнеріне деген жағымды, эмоционалдық қарым-қатынасын қалыптастыруға бағыттай білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер
1. Әденбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: Дарын, 2000. -56 б.
2. Ахметова А.Қ. Мектептегі музыка сабағын оқыту принцптері. Алматы: Полиграфия-сервис и К. 2002. -189-б
3. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған: 2001. -111б.

*Семейдің Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.к.*
**Тоқсамбаева А.О.**
*Семей қаласының № 37 гимназиясының жоғары санатты мұғалімі*
**Сыдықова Ж.,**
*бірінші санатты мұғалімі*
**Ибрагимова Б.М.**

## ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ

***Аннотация***
Бұл мақалада зар заман ақындарының шығармаларын оқытуда ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімділігі туралы айтылады.

**Резюме**
В данной статье представлена информация о правильном использований информационных технологий в процессе обучения поэты эпохи.

**Summary**
This article provides information about the correct use of information technology in teaching the era poets.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі-оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып отыр. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:





**Ахметжанова Анар Амангелдіқызы**
*Бастауыш сынып мұғалімі, №81мектеп-гимназия, Алматы, Қазақстан*

## ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Адам баласына ең бірінші білім емес тәрбие керек, ал тәрбие болмаған жерде ешқашан да білім болмайды деп бастағым келеді. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы демекші, ол келешекте оның барлық өміріне қасірет әкеледі» деген ғұлама әл-Фараби.

Баласы үшін ата-ана өзінің туған жерін ауыстыруға дейін барады. «Ұлың жақсы болсын десең ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десең қызы жақсымен көрші бол» деген қазақта әдемі нақыл сөздеріміз бар.

Баланың тәрбиесі өте үлкен жауапкершілікті артады. Әрине біз өз балаларымыздың тәрбиелі, саналы, өнегелі, инабатты болып өскенін және өз қатарының алды болып жүргенін қалаймыз. Балаларымыздан осындай тәрбие жетістіктер көру үшін еңбек, күш, қайрат керек. Еліміздің көркейіп өніп-өсуіне қазіргі біздің ұрпақтарымыз, яғни жастардың қолында, оны көркейту, өсіру мен гүлдендіру.

Болашақ ұрпақтың тәрбиесімен мен денсаулығына мектеп мұғалімдері ғана емес ең бірінші отбасындағы ата-ана жауапты деп қарауы тиіс. Баланың жақсы болуы ата-ананың берген тәрбиесіне байланысты. Сондықтан «не ексең соны орасың», «ұлдың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге», «әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген халқымыздың даналық сөздерін естен шығармай ұл қыздарымызды дұрыс тәрбиелей білейік.

Қазіргі таңда жастарымыздың имандылыққа бет бұрып мұсылмандық шарттарын орындап мешітке баруы, намаз оқуы әрине қуанарлық жайт. Бірақ сонда да оған сыни көзбен қарау керек. Себебі мұсылмандыққа бет бұрамын деп өзге діннің шырмауында кетіп жатқан жастарымыз аз емес. Сондықтан әрбір ата-ана баласының әр басқан қадамына үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Баланың жүріп-тұруы, сөйлеу мәнері, тазалығы ата-ананың назарында болуы тиіс. Балаға мықты тәрбие беру үшін ол ата-ананың өзі де тәрбиелі болуы тиіс. Отбасындағы жақсы істер баланың жақсы болып өсуіне әсер етеді. Сондықтан да ата-ана өз арасындағы қарым-қатынаста болу керек. Күнделікті іс жүзінде ақылмен көрсете отырып тәрбиелеу керек. Балаға адал еңбек етуді, адалдықты, достарымен тату болуды, дұрыс адал жүруді үйрете отырып көрсету керек. «Тәрбие басы тал бесік» деп бабаларымыз айтқандай, жастай берген тәрбие жас шыбықты игендей.

жортар; жаманды байқап қарасаң, өз басына өзі жау; ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кесіп жең болмас.

Өз дәуірінің асқақ лексикасы-жауынгерлік фразеологизмдерді шешен тілдің тірегі еткен Махамбет өз кезіндегі ұрыс- соғысты эпикалық жырындағыдай көтеріңкі рухта суреттеп баяндайды. Батырлар жырындағы қару-жарақ, сайман атаулары тұрақты эпитетермен өзгеріссіз қолданылады: егеулі найза, толғамалы найза, алтықұлашақ найза , сұр жебе, қозы жауырын оқ, балдағы алтын құрыш болат, ақ семсер, т.б.

Бұл жерде әсірелеу жоқ. Бұлар – сандаған ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып, ердің ері асынған қару-жарақтар. Қай кезде болмасын рухты жанап, намысты оятқан лексиканың түрі – жауынгершілік тіркестер: беркініп садақ асыну, білтеліге доп салу, қанды көбік жұтқызу, қорамсаққа қол салу, ақ алмасын суару, жаңбырдай оқ жаудыру, қанын судай төгу, қамалды бұзу, т.б.

Махамбеттің қолданған теңеу, метафора, эпитетті сөз тіркестері де ерлік, күрескерлік идеясына қытысты болып келеді. Мысалы: «таудан мұнартып ұшқан тарлан, керіскендей шандоз, қас бәйтерек, шарға ұстаған қара балта, ақсұңқар құстың сойы, жез қарғалы құба арлан, қайыспас қара нар, еркек қойдай бөлініп, адырнаны ала өгіздей мөңіреткен, құлжадай айбар мінезді, топтан озған тарлан боз» дегендердің бәрінде халық қамын ойлаған ердің өр мінезді асқақтығы, қайтпас қайсарлығы, табандылығы, даралығы сияқты қасиеттер жатыр.

IV. Сабақты бекіту.

«Тарланым», «Қызғыш құс», «Соғыс» өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасау сабақты бекіту.

V. Сабақты қорытындылау, бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін сатылай кешенді талдап келу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Ж.Н. Садуова. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. «Қазақ тілі мен әдебиеті» // 6.2013.

2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 9.2014ж.

3 Қ. Әбдезұлы, Г. Д. Рыскелиева, С. Ч. Тұрсынғалиева; 8 – сынып «Қазақ әдебиеті»оқулығы.





- оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеруі және оқу үдерісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіруі;
- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- оқушылардың білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту . [1,18]

Білім беру үрдісін ақпараттандыру оқушыға білім берумен байланысты болғандықтан, В.Глуковтың анықтауынша, ақпараттық технологиялар ақпаратты өңдеумен байланысты үрдістер болып табылады. Ал білім беруде компьютерлерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары /ЖАТ/ ұғымы пайда болды. А. Горячевтің тұжырымдауынша , ЖАТны оқыту құралдары жүйесінің элементі деп қарастырылады. Н.Апатованың айтуынша, ЖАТ-қажетті техникалық және бағдарламалық жабдығы бар компьютер. М. Жалдак бұл терминнің неғұрлым кеңірек анықтамасын берді: «ЖАТ- адамдардың білімін кеңейтіп, олардың техникалық және әлеуметтік үрдістерді басқару мүмкіндігін дамытатын, ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, тасымалдау және жеткізудің техникалық құралдары мен әдістерінің жиынтығы». [2,48]

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Бірінші кезекте оларға электрондық басылымдар: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен әр түрлі құрылғыларға жазылған электрондық жазбалар(аудио-бейне-құндақтар) жатады.

Электронды оқулықтар-ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулық дайындаудың тұжырымдық негізі модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар, электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық ұстанымдар жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді.

Модульдік оқытудың негізі-оқу модулі. Ол өзіне:-информацияның аяқталған блогын;-оқушы әрекетінің мақсатты бағдарламасын;-мұғалімнің осы бағдарламаны нәтижелі іс-жүзіне асыру үшін нұсқауларын (кеңестері) қамтиды.

Модульдік технология даралап оқытудың сапасына; меңгеру қарқынына; өздік әрекет сатысына; оқу әдістері мен тәсілдеріне; бақылау мен өзін-өзі бақылау тәсілдеріне байланысты асырады.

Зар заман ақындары поэзиясын оқытуда оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігіне келейік. 9-сыныпта зар заман поэзиясын оқытқан уақытта оқытуға арналға электрондық оқулықты,аудио, видио жазбаларды, слайдтарды пайдаланға дұрыс.

Қазақтың бай фольклоры мен ежелгі ортақ жазба ескерткіштер негізінде қалыптасып, дамыған зар заман ақындары поэзиясы – қазақ халқының ықылым

замандар бойы жасаған сөз өнерінің тума әдеби қазынасының үлкен бір саласы, құнды мұрасы.

Зерттеулер бойынша оқушылардың алған ақпаратты есте сақтауының орта есеппен алғанда 50% қамту үшін көрсетілім мен талқылау қажет екен. Ақпараттық технологияның дамыған заманында сол технологияны қолдана отырып оқушыға жан-жақты білім беруде электрондық оқулықтың тиімділігі зор. Сол себепті, зар заман ақындарының ірі өкілдері шығармаларын оқыту мақсатында электронды оқулық шығаруды қолға алынса. Электронды оқулықтың құрылымына зар заман ақындарының өмірі мен шығармашылығына қоса глоссарий берілу керек.Оқушылар зар заман ақындары поэзияларының оқылу мақамын меңгеру үшін аудио жазба тыңдап, өз білімін тексеру мақсатында тест жұмысын да орындай алуға тиісті. Оқушы оқу бағдараламасында берілген тақырыптарға қосымша мәлімет алады. [3,20]

Электронды оқулықты қазақ әдебиеті дамуына ықпал етіп, өзіндік із қалдырған зар заман поэзиясының көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлынан басталса.

Енді 9-сыныпта оқылатын Махамбет өлеңдеріндегі өзгешелктер деген тақырыпты оқытқан кезде ақпараттық технологияны қалай пайдалану керек соған тоқталайық.

Негізгі мақсатымыз Махамбеттің өмірі, өлеңдері туралы қосымша мәлімет беру, сөз қолданысындағы өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасау. Міндетіміз ақынның жорық жырларын Шернияз өлеңдерімен салыстыру арқылы өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу. Тәрбиелік мәні оқушылардың бойында тарихи саналылықты қалыптастыру, өз ұлтына, ұлттың ардақты ұлына деген сүйіспеншілігінгін арттыру, бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру болмақ. Дамытушылық – өлеңді талдау, тиянақты, жүйелі сөйлей білу дағдылары мен ізденімпаздық қасиеттерді қалыптастыру, өз пікірін қорғай білі дағдыларына төселдіру.

Түрі: жаңа білімді меңгерту. Әдісі: әңгімелесу,талдау, ой бөлісу, сатылай кешенді талдау. Көрнекілігі: интерактивті тақта, Махамбет Өтемісұлының суреттері, шығармалары. Пәнаралық байланыс :тарих.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Зейіндерін сабаққа аудару, сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру.

II.Үй тапсырмасын сұрау. Махамбет өлеңдеріне сүйене отырып, «романтизм, прогресшіл романтизм» жайында сөз қозғау. Тақтада бір өлеңіне сатылай кешенді талдау жасату.

**Махамбет өмірінің кезеңдерін слайд арқылы көрсету.**

1803ж. Ішкі Бөкей ордасы, Нарын құмында, Жас құс деген жерде туған. Шыққан тегі Байұлы ішіндегі Беріш руынан. Ел ішінде ол «Жеті баулы беріш» деп аталады. Әкесі Өтеміс Құлманиязұлы ауқатты, сол кездегі беделді билердің бірі болған.





Балалары: Тоқтамыс, Ысмайыл, Бекмұқамбет, Махамбет, Досмайыл, Сүлеймен, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен.

Махамбеттің «Өтемістен туған он едік ,онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» деуі – содан.

1824-1828 ж.ж Орынбор қаласында Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында болды.

1829-1835 ж. Махамбет түрмеге қамалды. Бұл оқиға намысты «өр жанның ханға қарсылығын өршітеді», халық мүддесімен санаспауы әлеуметтік тартысты жылдан-жылға шиеленістірді. Феодалдардың іс- ірекетіне зығырданы қайнаған шаруалардың әділетті талаптарын орындатудың бір ғана жолы – отаршылыққа, феодалдық озбырлыққа қарсы күрес еді.

1836-1838 ж. Батыс Қазақстандағы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы, ұйымдастырушысы болды. Көтерілістің жеңіліске ұшырағанына қарамастан ақын бұқараның орасан күшіне сенді.

1838-1841 ж.1838 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ бойындағы шайқаста Исатай қазаға ұшырап, Хиуа жақта 2 жылдай жасақ жинауға әрекет жасады. Бұл ниетінен нәтиже шықпаған соң, Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады. Ақын өміріндегі ауыр да сүргінді жылдар жалғасып, 1841 ж 4 наурызда белгісіз біреулердің көрсетуімен Тілекиев деген қазақтың үйінде отырған жерінде қолға түседі.

1845-1846 ж.ақпанда Махамбеттің даласы Нұрсұлтанды оқуға орналастырмақ ниетпен Орынборға келді. Кіші жүздің батыс бөлігінің әкімі Б.Айшуақов та Махамбетті қудалауын қоймады. Ол ақынның басына 1000 сом тігіп, оны ұстау үшін арнайы адамнан (құрамында Хорунжи Ықылас Төлейұлы Беріш руының биі Жанберген Боздақұлы, табын Төрежан Тұрымұлы , беріш руының қазақтары Мұса Нұралыұлы Жүсіп Өтеуұлы бар) құрылған қарулы жасақ жіберді.

20.10.1846 ж.қаза тапты. Ақынның зираты Атырау облысы, Махамбет ауданындағы Қараой деген жерде.

Махамбеттің басы алынған жерге қойылған тас, мазарына қойылған ескерткіш, Исатай мен Махамбетке арналған ескерткіштер слайд арқылы көрсетіледі.

Міне осылардың бәрін слайдтар арқылы көрсетеміз.

III.Жаңа сабақты түсіндіру.

М. Өтемісұлы жырлары – қазақ әдеби тарихындағы ерекше құбылыс. Ақын өзіне дейінгі ұлттық көркемсөз өнерінің бар асылын бойны сіңіре отырып, араб-парсы сөздерінен, діни сарынна арылтты. Махамбет өлеңдерінің қай-қайсысы да ғибратқа, тағлымға, шешендік нақыл сөздерге толы.

**Махамбеттің сөз қолданысындағы ерекшеліктер:**

Нақыл –ғибрат, қанатты сөздер: бір сынаған жаманды, екіншілей сынама; арғымақтың баласы, арығанын білдірмес; азамат ердің баласы аз ұйқтар да көп